

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

БАКАЛАВРИАТ

5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Алматы, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

БАКАЛАВРИАТ

5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Алматы, 2016

МАЗМҰНЫ

1. Педагогика	4
2. Бағалаудың өлшемдік технологиялары.....	20
3. Профессиональный русский язык	32
4. Кәсіби-бағытталған шетел тілі	46
5. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі...55	
6. Математикадағы оқыту әдістемесі	69
7. Қазіргі заманғы қазақ тілінің негіздері	90

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

Ped 2202 Педагогика

5B010200- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

3 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Жұмабаева Ә.Е. – п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Жиенбаева С.Н. – п.ғ.д. профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

ТҮСІНІК ХАТ

Бүгінгі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Оның бағыты әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған Қазақстан Республикасындағы білім берудің жаңа жүйесінің қалыптасуымен анықталады. Жүріп жатқан өзгерістер Қазақстан республикасындағы бастауыш мектептер үшін болашақ мамандарды даярлаудың мазмұнын қайта қарауды және жаңартуды талап етеді. Қазіргі кезеңде бастауыш мектептер педагогикалық үдерісті жүзеге асыруға теориялық және практикалық даярлығы бар, педагогикалық бағыттарды ерікті тандап алудың өскелең жағдайында сенімді бағдар ала алатын, пайда болған өзгерістерді жүйелі, тұтас қарауға қабілетті, барлық жаңалықты қабылдауға, өзбетімен жаңа білім алуға, дәстүрлі емес жағдайларда шешім қабылдауға қабілетті мұғалімге мұқтаж. Сондықтан да 5B010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «Педагогика» базалық пән ретінде бакалаврлардың кәсіби дайындығында шешуші курс болып табылады. Бұл пәнді оқу бакалаврларға педагогиканың әдіснамалық негізін, негізгі педагогикалық ұғымдарды, педагогиканың құрылымын, оқу мен тәрбиенің заңдылықтары мен ұстанымдарын, тәрбие мен оқытудың мазмұнын, әдістерін, құралдарын, формаларын игеруге, балалардың жас ерекшеліктерімен танысуға, бастауыш сыныптағы педагогикалық үдерістің жүруі мен нәтижелерін шартты анықтайтын тәуелділіктерді ашуға, бастауыш мектеп мұғалімдері алдында тұрған міндеттерді игеруге мүмкіндік береді.

«Педагогика» пәні базалық пәндер модуліндегі міндетті компонентке жатады. Ол философия, психология, білім берудегі менеджмент, бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі сияқты іргелес пәндермен байланыста оқытылады.

Пререквизиттер: оқушылардың даму физиологиясы.

Постреквизиттер: бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, критериальды бағалау технологиясы, білім берудегі менеджмент, математиканы оқыту әдістемесі, бастауыш мектептегі пәндерді оқыту әдістемесі, практиканың барлық түрі, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары.

«Педагогика» пәнінің тақырыптық жоспары

1 бөлім. Педагогиканың жалпы негіздері

1-тақырып. Педагогика - адам туралы ғылымдар жүйесінде. Педагогиканың әдіснамалық негіздері.

2-тақырып. Бастауыш мектептегі тұтас педагогикалық үдеріс.

3-тақырып. Оқушы тұлғасы - тәрбиенің объектісі және субъектісі.

4-тақырып. Дамудың жас және жекелік ерекшеліктері.

5-тақырып. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі.

2 бөлім. Тәрбие теориясы

6-тақырып. Тәрбие қоғамдық-тарихи үдеріс және педагогика пәні ретінде.

7-тақырып. Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеудің заңдылықтары мен ұстанымдары.

8-тақырып. Тәрбие үдерісінде бастауыш мектеп оқушысының тұлғасын қалыптастыру.

9-тақырып. Қазіргі педагогикадағы тәрбиенің әдістері, құралдары және формалары.

10-тақырып. Ұжым және отбасы тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтендіру жүйесінде.

3 бөлім. Оқыту теориясы

11-тақырып. Дидактика-педагогикалық ғылым. Оқытудың заңдылықтары және ұстанымдары.

12-тақырып. ҚР-да қазіргі бастауыш білім берудің мазмұны.

13-тақырып. Кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқытудың әдістері, құралдары және ұйымдастыру формалары.

14-тақырып. Оқыту үдерісінің сапасын педагогикалық бақылау және бастауыш мектеп оқушыларының оқуын мотивациялау.

15-тақырып. Бастауыш білім берудің қазіргі педагогикалық технологиялары.

II. «Педагогика» пәнінің мазмұны

Кіріспе

Пәннің мақсаты студенттерде білім берудің бастауыш сатысындағы қазіргі педагогикалық үдерістің негізгі міндеттер тобын шешуге бағытталған базалық кәсіби-педагогикалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік туғызу болып табылады:

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, олардың қажеттіліктерін ескере отырып тұлғасын дамытуға бағытталған білім беру үдерісін құру;

- дамытушы ортаны (мектептің, сыныптың және білім беру үдерісінің басқа да субъектілерінің білім беру кеңістігі) педагогикалық мақсатта құру және қолдану;

- кәсіби жағынан өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасау.

Пәнді оқытудың міндеттері:

1. педагогикалық сана қалыптастыруға ықпал ету;
2. кәсіби педагогикалық қызмет саласында бакалаврдың кәсіби өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау.

Пәннің нысаны - педагогикалық дүниетаным болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жоғары педагогикалық кәсіби білімінің құрамдас бөлігі ретінде

«Педагогика» курсының пәні - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық дағдысын қалыптастыру үдерісі

Пәнді оқыту әдістері – әртүрлі көздерден ақпараттар алу, ғылыми-педагогикалық және арнайы әдебиеттермен жұмыс, бақылау мен педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және жүргізу; озат педагогикалық тәжірибені жинақтау және қорыту, әңгімелесу, сауалнама, тестілеу және т.б.

Педагогиканы оқу барысында студент:

білім беру саласындағы кәсіби қызметінің құндылық негіздерін;

педагогикалық қызмет және білім беруді жүзеге асырудың құқықтық нормаларын;

білім беру үдерісінің мәні мен құрылымын;

баланы тәрбиелеу мен оқытудың теориясы мен технологиясын;

кіші мектеп оқушыларын педагогикалық зерделеудің амалдарын;

педагогикалық үдерістің әртүрлі субъектілерімен педагогтың өзара әрекет амалдарын;

өзін-өзі кәсіби дамыту амалдарын;

Қазақстан Республикасы және әлемде білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінің ерекшеліктерін **білуі тиіс.**

білім беру тұжырымдамаларын таңдау және жүйелі талдауды;

әртүрлі кәсіби міндеттерді шешуде педагогикалық диагностикалау әдістерін қолдануды;

оқушылардың әртүрлі ерекшеліктерін педагогикалық өзара әрекетте ескеруді;

қазіргі технологияларды пайдалана отырып, білім беру үдерісін жобалауды;

педагогикалық үдерістің әртүрлі субъектілерімен қақтығыссыз қарым-қытынас жасауды **меңгеруі тиіс.**

Бұл курстың құрылымы төмендегідей логикаға бағынады:

Бірінші бөлім - **педагогиканың жалпы негіздері** - мұнда педагогиканың пәні мен міндеттері, педагогиканың теориялық -әдіснамалық негіздері, тұтас педагогикалық үдеріс, балалардың жас ерекшелігіне сай

дамуының сипаттамасы, тұлға – тәрбиенің объектісі және субъектісі, Қазақстандағы білім беру жүйесі оқытылады.

Екінші бөлім - **тәрбие теориясы** - тәрбие үдерісінің теориялық негіздемесін, мазмұндық сипаттамасын, тәрбиенің заңдылықтары мен ұстанымдарын, әдістерін, құралдары мен формаларын, тәрбиенің жаңа технологиясын теориялық негіздеуді қамтиды.

Үшінші бөлім - **оқыту теориясы** – кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқыту үдерісіне арналған. Бұл бөлімде қазіргі бастауыш білім берудің даму бағыттары, оқытудың мәні, бастауыш білім берудің мазмұнын таңдау ұстанымдары, оқытудың заңдылықтары мен ұстанымдары, әдістері, құралдары мен формалары, оқушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау және бағалауды жүзеге асыру айқындалады.

Негізгі бөлім

1-бөлім. Педагогиканың жалпы негіздері

1-тақырып. Педагогика- адам туралы ғылымдар жүйесінде. Педагогиканың әдіснамалық негіздері

Педагогика ғылымы жөнінде жалпы түсінік. Педагогиканың даму кезеңдері. Педагогиканың нысаны, пәні және қызметтері. Педагогиканың негізгі категориялары. Педагогикалық ғылымдар жүйесі. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы.

Педагогика ғылымының әдіснамасы туралы түсінік. Педагогиканың философиялық негіздемелері. Педагогикалық зерттеу әдістері. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің құрылымы және логикасы.

2-тақырып. Бастауыш мектептегі тұтас педагогикалық үдеріс

Тұтас педагогикалық үдеріс туралы түсінік. Педагогикалық үдерістің құрылымы және компоненттері. Педагогикалық үдеріс-тұтас құбылыс. Тұтас педагогикалық үдерістің заңдылықтары мен ұстанымдары. Тұтас педагогикалық үдерістің мәні. Қарама-қайшылықтар - тұтас педагогикалық үдерістің қозғаушы күштері.

3 - тақырып. Оқушы тұлғасы - тәрбиенің объектісі және субъектісі

«Тұлға» түсінігі, оның дамуы мен қалыптасуы. Тұлға дамуының қазіргі кездегі теориялары.

«Адам», «индивид», «тұлға», «даралық» ұғымдарына түсінік. Тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін факторлар. Адамның өзіндік өзгертуші іс-әрекеті-тұлғаны қалыптастырудың негізгі факторы.

Оқушылардың дамуы мен тәрбиесінің өзара байланысы. Оқыту мен дамудың өзара байланысы. Әлеуметтендіру үдерісінде тұлғаның қалыптасуы. Тұлғаның интеллектуалды дамуы. «Тұлғаның өзін-өзі дамытуы» түсінігі. Тұлға дамуының қозғаушы күштері және негізгі заңдылықтары.

4 - тақырып. Дамудың жас және жекелік ерекшеліктері

Жас кезеңдері. Акселерация. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері. Жеткіншектердің дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері. Жасөспірімдердің дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері. Дамудың біркелкі еместігі. Тұлғаның табиғи шамасы (потенциалы) және балалардың жеке ерекшеліктері. Тұлға дамуының нақты мүмкіндіктері (көкейкесті мүмкіндіктері және «дамудың таяу зонасы») және оларды тұтас педагогикалық үдерісте оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруда есепке алу.

5-тақырып. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі

Білім беру жүйесі туралы түсінік. Білім беру жүйесін дамытудың негізгі факторлары. Қазіргі білім беруді дамыту бағыттары. Білім беру саласындағы заңды құжаттар. Білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының ұстанымдары, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты мен міндеттері. Қазақстандағы білім беру жүйесіне жалпы сипаттама. Қазақстандағы білім беру жүйесінің құрылымы. Үздіксіз білім беру жүйесі. Инклюзивті білім беру.

2-бөлім. Тәрбие теориясы

6-тақырып. Тәрбие қоғамдық-тарихи үдеріс және педагогика пәні ретінде

Тәрбие - теорияның пәні. Тәрбиенің міндеттері мен қызметтері. Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеудің мәні және оның ерекшеліктері. Қазақстандағы қазіргі тәрбие тұжырымдамалары. Қазіргі қоғамдағы тәрбиеге дәстүрлі және инновациялық тұғырлар. Қарым-қатынасты тәрбиелеу-тұлғалық дамудың үдерісі. Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі және қайта тәрбиелеу. Тәрбие түрлері. Авторитарлық, демократиялық, либералдық, еркін тәрбие. Прагматикалық, аксиологиялық, ұжымшылдық, жекелік тәрбие.

7-тақырып. Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеудің заңдылықтары мен ұстанымдары

Тәрбиенің заңдылықтары мен ұстанымдары туралы түсінік. Тәрбие үдерісінің негізгі заңдылықтарына шолу. Тәрбие ұстанымдарына сипаттама.

8-тақырып. Тәрбие үдерісінде бастауыш мектеп оқушысының тұлғасын қалыптастыру

Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу мазмұнының мәселелері. Ақыл-ой тәрбиесі. Адамгершілік тәрбиесі. Еңбек тәрбиесі. Эстетикалық тәрбие. Дене тәрбиесі. Патриоттық тәрбие. Құқықтық тәрбие. Экономикалық тәрбие. Экологиялық тәрбие. Гендерлік тәрбие.

9-тақырып. Қазіргі педагогикадағы тәрбиенің әдістері, құралдары және формалары

Тәрбие әдістері туралы түсінік. Тәрбие әдістерін топтап бөлу. Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу әдістеріне сипаттама. Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу құралдары. Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу формалары.

10-тақырып. Ұжым- тәрбие құралы

«Балалар ұжымы» түсінігі. Ұжым теориясының қалыптасуы. Ұжымның белгілері. Ұжымның қызметтері. Балалар ұжымының типтері және құрылымы. Балалар ұжымының даму кезеңдері. Ұжымды құру және қалыптастыру әдістемесі. Тұлға және ұжым. Балалар ұжымының бастауыш мектеп оқушысы тұлғасына тәрбиелік ықпалы.

Отбасы тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық негіздері. Отбасы, мектеп және социумның өзара әрекеті.

3-бөлім. Оқыту теориясы

11 - тақырып. Дидактика-педагогикалық ғылым. Оқытудың заңдылықтары және ұстанымдары

Дидактика туралы жалпы түсінік. Дидактиканың нысаны, пәні, қызметтері және міндеттері. Дидактиканың категориялары. Дербес әдістемелердің дамуына дидактиканың ықпалы.

Оқытудың әдіснамалық және психологиялық негіздері. Оқыту- екі жақты үдеріс. Оқыту үдерісінің тиімділігінің көрсеткіштері.

Оқытудың заңдылықтары және ұстанымдары түсінігі. Оқытудың негізгі ұстанымдары.

12 - тақырып. ҚР-да қазіргі бастауыш білім беру мазмұны

«Білім беру мазмұнының мәні» түсінігі. Бастауыш білім беру мазмұнын таңдап алудың ұстанымдары мен өлшемдері. Білім беру мазмұнының құрамаларына сипаттама. Білім беру мазмұнын белгілейтін нормативтік құжаттар.

13- тақырып. Кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқытудың әдістері, құралдары және ұйымдастыру формалары

Оқытудың әдістері – дидактика категорияларының бірі. Оқыту әдістерінің жіктелуі. Әдістердің оқытудың мақсаты мен мазмұнына сәйкестігі.

Оқытуды ұйымдастыру формаларына сипаттама. Сабақ – мектепте оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы. Сабақтың типтері және құрылымы. Сабақтың тиімділігін арттыру жолдары. Қазіргі сабаққа қойылатын талаптар.

Бастауыш мектепте оқытуды ұйымдастырудың түрлі формаларын пайдаланудың ерекшеліктері.

14 - тақырып. Оқыту үдерісінің сапасын педагогикалық бақылау және бастауыш мектеп оқушыларының оқуын мотивациялау

Оқыту үдерісінің тұтас жүйесіндегі бақылау. Бақылаудың оқыту мақсаттарына сәйкестігі. Бақылаудың түрлері, формалары және әдістері.

Оқыту үдерісін және нәтижесін бағалауға қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптар. Оқушылардың іс-әрекетін бағалауға қазіргі тұғырлар. Оқу іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау және есепке алу. «Бағалау» және «баға» түсініктері. Бастауыш мектеп оқушыларының үлгермеушілігі.

«Оқу мотивтері» түсінігі. Мотивтерді топтап бөлу. Оқу мотивтерін зерттеу және қалыптастырудың тәсілдері. Оқушылардың оқу іс-әрекетін белсендіру. Танымдық қызығушылық. Қажеттіліктер. Қызығушылықтар мен қажеттіліктердің байланысы.

15-тақырып. Бастауыш білім берудің қазіргі педагогикалық технологиялары

«Оқыту технологиясы» түсінігі. Педагогикалық технологияларды топтап бөлу. Негізгі педагогикалық технологияларға сипаттама (дәстүрлі технология, дамыта оқыту технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, модульдық оқыту технологиясы, ТРИЗ технологиясы, оқытудың ойын технологиясы, тұлғаға бағытталған білім беру технологиясы және т.б., авторлық педагогикалық технологиялар).

Семинар - практикалық сабақтардың үлгі тақырыптары

1. Педагогика-тәрбие туралы ғылым.
2. Педагогика ғылымының әдіснамасы.
3. Педагогикалық үдерістің құрылымы және компоненттері.
4. Бастауыш мектепте тұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастыру.
5. Тұлға дамуының қазіргі кездегі теориялары.
6. Тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін факторлар.
7. Жас кезеңдері.
8. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері.
9. Қазіргі білім беруді дамыту бағыттары.
10. Қазақстандағы білім беру жүйесіне жалпы сипаттама.
11. Тәрбиенің мәні және оның ерекшеліктері.
12. Қоғамдық-тарихи дамудың негізгі кезеңдерінде тәрбиеге әртүрлі көзқарас және тәрбие тұжырымдамалары
13. Тәрбие үдерісінің негізгі заңдылықтары.
14. Тәрбие ұстанымдарына сипаттама.
15. Тәрбие түрлері. (ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, эстетикалық тәрбие).
16. Тәрбие түрлері (патриоттық, құқықтық, экономикалық, экологиялық, гендерлік).
17. Тәрбие әдістері туралы түсінік және оның жіктелуі.
18. Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу құралдары мен формалары.
19. Ұжым- тәрбие құралы.
20. Отбасы тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық негіздері.
21. Дидактика-педагогикалық ғылымдар жүйесінде.
22. Оқытудың заңдылықтары және ұстанымдары.
23. Бастауыш білім беру мазмұнын таңдап алудың ұстанымдары мен өлшемдері.
24. Білім беру мазмұнының құрамаларына сипаттама.
25. Оқыту әдістерінің жіктелуі және олардың сипаттамасы.
26. Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формалары мен құралдарына сипаттама.
27. Оқыту үдерісінің сапасын педагогикалық бақылау.
28. Бастауыш мектеп оқушыларының оқуын мотивациялау.
29. Оқыту технологиясы туралы түсінік және олардың жіктелуі.
30. Бастауыш оқытудағы негізгі педагогикалық технологияларға сипаттама.

Студенттердің оқытушымен өзіндік жұмыстарының (СОӨЖ) үлгі тақырыптары

1. Педагогиканың даму кезеңдері.
2. Педагогиканың категориялары.
3. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің құрылымы мен логикасы.
4. Қарама-қайшылықтар – тұтас педагогикалық үдерістің қозғаушы күштері.
5. «Адам», «индивид», «тұлға», «даралық» ұғымдарына түсінік.
6. Тұлға дамуының қозғаушы күштері және негізгі заңдылықтары.
7. Дамудың біркелкі еместігі.
8. Тұлғаның табиғи шамасы (потенциалы) және балалардың жеке ерекшеліктері.
9. Тұлға дамуының нақты мүмкіндіктері (көкейкесті мүмкіндіктері және «дамудың таяу зонасы»)
10. Білім беру саласындағы заңды құжаттар.
11. Қазақстандағы білім беру жүйесінің құрылымы.
12. Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеудің мәні және оның ерекшеліктері.
13. Қазіргі қоғамдағы тәрбиеге дәстүрлі және инновациялық тұғырлар.
14. Тәрбие үдерісінің негізгі заңдылықтарына шолу.
15. Тәрбие ұстанымдарына сипаттама.
16. Тәрбие әдістерін топтап бөлу.
17. Тәрбие құралдары.
18. Тәрбие формалары.
19. Ұжым теориясының қалыптасуы. Ұжымның белгілері.
20. Ұжымды құру және қалыптастыру әдістемесі.
21. Балалар ұжымының тұлғаға тәрбиелік әсері.
22. Отбасы, мектеп және социумның өзара әрекеті.
23. Дидактиканың объектісі, пәні, қызметтері және міндеттері.
24. Оқытудың әдіснамалық және психологиялық негіздері.
25. Оқытудың заңдылықтары және ұстанымдары түсінігі.
26. Бастауыш білім беру мазмұнын таңдап алудың ұстанымдары мен өлшемдері.
27. Білім беру мазмұнын белгілейтін нормативтік құжаттар.
28. Оқыту әдістерін жіктеу және оларға сипаттама.
29. Сабақ-мектепте оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы.
30. Оқыту үдерісінің тұтас жүйесіндегі бақылау.
31. Оқушылардың іс-әрекетін бағалауға қазіргі тұғырлар.
32. Оқушылардың үлгермеу себептері.
33. «Оқу мотивтері» түсінігі.
34. Педагогикалық технологияларға жалпы сипаттама.

35. Проблемалық оқыту технологиясы. Оқытудың модульдық технологиясы.

Студенттің өзіндік жұмыстарының (СӨЖ)

тақырыптары

1. Тәрбие туралы ғылымға отандық педагогтардың қосқан үлестері.
2. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы.
3. Педагогикалық зерттеудің әдістері.
4. Педагогикалық үдеріс тұтас құбылыс ретінде.
5. Тұлға дамуының теориялары.
6. Оқушылардың дамуы мен тәрбиесінің өзара байланысы.
7. Оқыту мен дамудың өзара байланысы.
8. Бала дарындылығы.
9. Акселерация.
10. Жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға - тәрбиенің жалпы мақсаты.
11. Білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының ұстанымдары, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты мен міндеттері.
12. Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі және қайта тәрбиелеуі.
13. Тәрбие түрлері. Авторитарлық, демократиялық, либералдық, еркін тәрбие. Прагматикалық, аксиологиялық, ұжымшылдық, жекелік тәрбие.
14. Білім берудегі құзырлылық тұғыр.
15. Адамның түрлі жас кезеңдеріндегі дамуы мен тәрбиенің өзара байланысы.
16. Қазіргі қазақстандық мектептің дамуындағы негізгі бағыттар
17. Тәрбие әдістеріне сипаттама.
18. Балалар ұжымының типтері және құрылымы. Балалар ұжымының даму кезеңдері.
19. Қарым-қатынас - тұлғаны тәрбиелеу құралы.
20. Еңбек- тұлғаны тәрбиелеу құралы.
21. Оқытудың психологиялық негіздері
22. Оқытудың белсенді әдістері.
23. Сабақтың типтері мен құрылымы.
24. Сабақтың тиімділігін арттыру жолдары.
25. Сабақты талдаудың психологиялық-педагогикалық аспектілері
26. Оқыту үрдісінде оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру
27. Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формаларына сипаттама.
28. Қазіргі сабаққа қойылатын талаптар.
29. Сабақты талдау және өзіндік бағалау.
30. Бақылаудың түрлері, формалары және әдістері.

31. Оқыту үдерісін және нәтижесін бағалауға қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптар.
32. Оқу іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау және есепке алу.
33. Оқушылардың үлгермеушілігін болдырмаудың жолдары.
34. Оқудың мотивтерін зерттеу және қалыптастырудың тәсілдері.
35. Авторлық педагогикалық технологиялар.

1- аралық бақылауға арналған сұрақтардың үлгілік тізімі

1. Педагогика ғылым ретінде
2. Педагогиканың нысаны, пәні және қызметтері.
3. Педагогиканың негізгі категориялары.
4. Педагогикалық ғылымдардың жүйесі.
5. Педагогикалық зерттеу әдістері.
6. Тұтас педагогикалық үдеріс туралы түсінік.
7. Қарама-қайшылықтар - тұтас педагогикалық үдерістің қозғаушы күштері.
8. Тұлға дамуының қазіргі кездегі теориялары.
9. «Тұлға», «адам», «индивид», «жекелік» ұғымдарына түсінік.
10. Әлеуметтендіру үдерісінде тұлғаның қалыптасуы.
11. Тұлға дамуының қозғаушы күштері және негізгі заңдылықтары.
12. Оқушылардың дамуы мен тәрбиесінің өзара байланысы.
13. Оқыту мен дамудың өзара байланысы.
14. Тұлғаның интеллектуалды дамуы.
15. «Тұлғаның өзін-өзі дамытуы» түсінігі.
16. Бала дарындылығы.
17. Жас кезеңдері.
18. Тұлғаның табиғи шамасы (потенциалы) және балалардың жеке ерекшеліктері.
19. Қазақстандағы білім беру жүйесінің құрылымы.
20. Инклюзивті білім беру.
21. Тәрбиенің міндеттері мен қызметтері.
22. Қазіргі Қазақстандағы тәрбие тұжырымдамалары.
23. Тәрбиенің заңдылықтары мен ұстанымдары
24. Тәрбие түрлері.
25. Ақыл-ой тәрбиесі.
26. Адамгершілік тәрбиесі.
27. Эстетикалық тәрбие.
28. Дене тәрбиесі.
29. Еңбек тәрбиесі.
30. Патриоттық тәрбие. Құқықтық тәрбие.

2- аралық бақылауға арналған сұрақтардың үлгілік тізімі

1. Тәрбие әдістері туралы түсінік.
2. Тәрбие әдістерін топтап бөлу.
3. Тәрбие құралдары.
4. Тәрбие формалары.
5. Ұжым теориясының қалыптасуы.
6. Ұжымның белгілері.
7. Ұжымның қызметтері.
8. Балалар ұжымының типтері және құрылымы.
9. Тұлға және ұжым.
10. Балалар ұжымының бастауыш мектеп оқушысы тұлғасына тәрбиелік ықпалы.
11. Отбасы, мектеп және социумның өзара әрекеті.
12. Дидактика ғылым ретінде.
13. Дидактиканың ұғымдары.
14. Дидактиканың дербес әдістемелердің дамуына ықпалы.
15. Оқыту- екі жақты үдеріс.
16. Оқу- оқытудың тұтас үдерісіндегі оқушының танымдық іс-әрекеті.
17. Оқыту ұстанымдары
18. Оқыту заңдылықтары
19. Бастауыш білім беру мазмұнын таңдап алудың ұстанымдары мен өлшемдері.
20. Білім беру мазмұнының құрамалары.
21. Оқыту әдістері.
22. Оқытуды ұйымдастыру формалары.
23. Сабақ-мектепте оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы.
24. Сабақтың типтері және құрылымы.
25. Бақылаудың түрлері, формалары және әдістері.
26. Оқушылардың іс-әрекетін бағалауға қазіргі тұғырлар.
27. «Оқу мотивтері» түсінігі.
28. «Оқытудың педагогикалық технологиясы» түсінігі.
29. Педагогикалық технологияларды топтап бөлу.
30. Негізгі педагогикалық технологияларға сипаттама.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиетер

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы, 2002.
2. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. - Алматы: Дарын, 2004.
3. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика.- Алматы: Дарын, 2004
4. Педагогика. Оқулық/ Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы- Алматы: Print-S, 2005.

5. Сабыров Т.С. Оқыту теориясы. -Алматы, 2000.
6. Коджаспирова Г.М. Педагогика. - М.:Гардарики, 2007.
7. Пидкасистый П.И. Педагогика. -М.: Высшее образование, 2007.
8. Ситаров В.А. Дидактика. -М., 2002.
9. Педагогика курс лекции. -Алматы: Нурлы элем, 2003.
10. Харламов И.Ф.Педагогика. -М.: Гардарики, 2007.
11. Бабаев С.Б., Оналбек Ж.К. Жалпы педагогика. - Алматы: Заң әдебиеті, 2006.
12. Коджаспирова Г.М. Педагогика в схемах, таблицах и опорных конспектах. -М., 2006.
13. Майғаранова Ш., Иманбаева С.Т. Мектептегі тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. -Алматы, ҚазМемҚызПИ, 2009
14. Слостенин С. П. Педагогика. - М.: Гардарики, 2012.
15. Әмірова Ә.С. Дидактика.– Алматы, 2013.

Қосымша әдебиеттер

1. Ж.Әбиев. Педагогика тарихы. -Алматы, 2006.
2. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология. -Алматы, 2004.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. -Алматы, 1990.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақстандағы педагогикалық ойдың антологиясы. -Алматы: Рауан, 1995.
5. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы.-Алматы, 1984.
6. Құлшанова С. Мектеп педагогикасы. -Алматы, 2005.
7. Ғ.Сұлтанова. Педагогика. -Алматы, 2007.
8. Бегалиев Т. Педагогика. - Тараз, 2001.
9. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г. Тәрбие хрестоматиясы. - Алматы, 2001.
10. Подласый И.П. Педагогика -М.: Высшее образование, 2007.
11. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы. -Алматы, 2008.
14. Ефремов О.Ю. Педагогика. Учебное пособие. - СПб.: Питер, 2010.
15. Безрукова В.С. Педагогика. Учебное пособие. - Ростов на Дону: Феникс, 2013.
16. Кукушин В.С., Болдырева - Вараксина А.В.Педагогика начального образования. - М.: ИКЦ «Март»; Ростов на Дону: Издательский центр «Март», 2005.
17. Рыжов В.Н.Дидактика. - М.: ЮНИТИ - ДАНА, 2004.
18. Слостенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Общая педагогика. В 2 частях. - М.: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 2003
19. Бекмагамбетова Р.К. Рабочий учебник по общим основам педагогики. - Алматы, 2006.
20. Бекмагамбетова Р.К. Рабочий учебник по теории воспитания. - Алматы, 2008.

21. Бекмагамбетова Р.К. Краткая хрестоматия по дидактике. - Алматы, 2003.
22. Бекмагамбетова Р.К. Дидактика. - Алматы, 2010.

Авторлар:

Лебедева Л.А. –п. ғ. к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ

Омарова Г.Ж. – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ВОТ 2205 Бағалаудың өлшемдік технологиялары

5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

2 кредит

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Низамова М.Н. – п. ғ. к., доцент, Алматы технологиялық университеті

Жұмабаева Ә.Е. – п. ғ. д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәні 5B010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша типтік жұмыс жоспарына сәйкес кәсіптік пәндер блогына енеді.

Бағалаушылық қызмет мәселелері – педагогикалық теориядағы да, педагогикалық тәжірибедегі де өзекті мәселелердің бірі. Білім берудің білімдік парадигмасы аясында қалыптасқан бағалау жүйесі менгеру үдерісін емес, білімді игеру нәтижесін бейнелейді, яғни іс-әрект тұрғысынан қарау көзқарасы талаптарына толыққанды сәйкес келмейді. Бұған қоса, бағалаудағы негізгі мәселе тіпті оқытудың бастауыш деңгейінің өзінде байқалатын мектеп бағасының субъективизмі болып қалып келеді. Сондықтан жалпы бастауыш білім беретін білім берудің мемлекеттік стандартында бағалау үдерісі білім беру үдерісінің құрамды бөлігі ретінде дамып отыруы қажет.

Мұндай даму тәжірибеге критериалды бағалауды енгізген кезде ғана мүмкін болады.

Критериалды бағалау деп оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген бағалау үдерісі деп түсінеміз.

Бағалаудың өлшемдік технологиялары тәжірибеге енгізу үш негізгі мақсаттық блокқа топтауға болатын бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, мұндай көзқарас мұғалім мен оқушыға оң нәтижелі үлгерімнің негізі болатын жекелеген тапсырмаларды оқушылардың табысты орындауларын анықтауға арналған жеткілікті деңгейде ашық, нақты және шынайы құрал береді.

Екіншіден, белгілі бір параметрлерді қолдану жекелеген оқу курсының ғана емес, мектептік білім берудің сәйкес деңгейлерінің білімін алудағы мақсаттық нұсқауымен бағалау жүйесін байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл бағалау критерийі әр оқушының қандай деңгейде игергендігін анықтауға мүмкіндік беретін нақты түрде қалыптасқан оқыту мақсаттары түрінде болғанда ғана мүмкін болады.

Бағалаудың өлшемдік технологиялары осы қасиетінің екінші жағы мұғалім өз жұмысын жоспарлау кезінде оқу үдерісінің жалпы мақсаттарын үнемі есте ұстап отыруында. Олардың ешқайсысын ұмыт қалдыруға болмайды, өйткені, олардың барлығы, әрқайсысына лайық тапсырмалар іріктелуі және оны орындау үшін дайындық жүргізу бойынша әрекеттер жүйесі қажет болатын бағалау критерийіне салынған.

Үшіншіден, критериалды бағалау жүйесінің ашықтығы мен процедуралық анықтылығы оқу орнының әкімшілігіне де, ата-аналарға да оқу

үдерісіне белсене қатысуға мүмкіндік беретін әлдеқайды мықты аспап етеді. Білім беру мекемелері басшыларының мұғалімнің көп аспектілі және үнем ақпарат беріт отыратын қызметінің нәтижелерін тексеру құралы пайда болады. Өз кезегінде, ата-аналар өз балаларының жетістіктері жайлы толық мағлұмат алады және олардың мектепте оқушыларға жалпы нені үйрететінін білуге мүмкіндігі болады.

Ақырында, жоғарыда келтірілген жағдайлар білім беру үдерісіне қатысушылардың арасындағы қатынастың әлдеқайда ашық болуына себепкер болады. Бұл әсіресе оқушыларға қатысты, өйткені критериалды бағалау олардың оқу әрекетіне (мақсат пен міндеттерді өз бетімен анықтауға, тапсырманы орындаудың критерийлерін белгілеуге, жауаптарын дайындауға, қиындық келтірген мәселелердің себептерін анықтауға, қателіктерді түзету бойынша жұмыстар жүргізуге) белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау:

Мұғалімдерге:

- Сапалы нәтиже алуды қамтамасыз ететін критерийлерді құрастыруға;
- Өз жұмысын талдау және жоспарлау үшін ақпарат алуға;
- Оқу үрдісінің сапасын жақсартуға;
- Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқушы үшін оқытудың жеке траекториясын алуға;
- Бағалаудың әр түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
- Оқу бағдарламасының мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Оқушыларға:

- Нәтижені талдау үшін бағалау критерийлерін білу және түсінуге;
- Рефлексияға қатысу, яғни өзін және өз достарын бағалауға;
- Нақты есептерді шешуде білімдерін қолдану, өз ойларын еркін жеткізе білуі, сын тұрғысынан ойлай білуге.

Ата-аналарға:

- Баласының білім деңгейлерін бақылай алуға;
- Баласының оқу үдерісін бақылай алуға;
- Баласына оқу үдерісі кезінде қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

«Бағалаудың өлшемдік технологиялары» курсының негізгі қызметі білім берудің заманауи стратегиялық міндеттерімен, халықаралық стандарттар мен білім берудің сапасына қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ескеріп, білім беру деңгейін көтерудің қажеттігімен, қазақстандық мектептер түлектерінің елден жырақ жерде бәсекеге қабілеттілігін және оқыту нәтижелерінің шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау мен бағалаудың бірыңғай талаптарын жасау қажеттігімен анықталады.

Бұл пәнді оқып үйрену студенттердің педагогиканың, жалпы және жас ерекшелік психологиясының бөлімдері бойынша негізгі білімдер және біліктермен қарулануына негізделеді.

Пәнді оқып үйрену барысында студент:

білуі тиіс:

- Бағалау және олардың түрлері жайлы;
- Білім беру үдерісіндегі бағалаудың орны мен ролін;
- Критериалды бағалаудың мәнін, мақсаты мен ұстанымдарын;
- Жиынтық және қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру жолдарын.

білігі болуы тиіс:

- Критериалды бағалау бойынша білімді кәсіби іс-әрекетте қолдана алу;
- Кіші мектеп жасындағы оқушыларға оқу пәндерін оқыту бойынша жиынтық және қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру білімді кәсіби іс-әрекетте қолдана алу;
 - Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау жайлы білімді қолдана алу;
 - Критериалды бағалауға байланысты портфолио және таныстырылымдар дайындай алу.

Пререквизиттері: «Педагогика», «Психология», «Қазіргі қазақ тілі негіздері», «Зерттеу әдістері» пәндері.

Постреквизиттері: «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Математиканы оқыту әдістемесі», «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар», «Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы», «Жаратылыстану ғылымын оқыту», педагогикалық практика.

Пәннің тақырыптық жоспары

1. «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» ЖОО-дағы оқу пәні ретінде.
2. Бағалаудың өлшемдік технологияларының ғылыми-педагогикалық негіздері.
3. Бағалау түрлері және оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауды жоспарлау технологиясы.

Пәннің мазмұны

Кіріспе

Пәннің нысаны – бастауыш сыныптар мұғалімін болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындау барысы.

«Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәнінің мақсаты – студенттердің бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін тиімді меңгеруіне және оны Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарына ендіруіне себепші болу.

Пәннің негізгі міндеттері:

-болашақ мамандардыбағалау және оның түрлері жайлы біліммен қаруландыру;

- критериалды бағалаудың моделі, жиынтық және қалыптастырушы бағалаудың мән-мағынасымен таныстырып, критериалды бағалауды әдістемелік қамтамасыздандыруды дайындай алу білігін қалыптастыру;

- критерийлік бағалауды жоспарлау, оны жүзеге асыру, басқару және рефлексиядағы білім, білік және дағдыларды біріктіретін пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру;

- оқыту нәтижелерін рефлексиялауға, шығармашылық ізденісті ұйымдастыруға, тәжірибені оқып үйрену және жалпылауға, бастауыш сынып тәжірибесінде критерийлік бағалау жүйесін тиімді жүзеге асыруға негіз болатын біліммен қаруландыру болып табылады.

Пәнді оқытып-үйрету **әдістері** – әр түрлі түпнұсқалардан, оның ішінде сабақтарға қатысу, СОӨЖ бен СӨЖ-ді орындау барысында ақпарат алу; ғылыми-педагогикалық және арнайы әдебиеттермен жұмыс істеу; бақылау мен педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және жүргізу; озық педагогикалық тәжірибені оқып-үйрену және жалпылау; әңгіме, сауалнама жүргізу; тестілеу және т.б.

1960-жылдардың аяғы – 1970-жылдардың басында америкалық мамандар білім беру облысында білім берудегі бағалаудың нәтижесінде алынған ақпаратты қолданудағы маңызды бағыттарды айқындауға кірісті. Бенджамин Блум өзінің дайындаған шеберлікке оқыту моделі (Guskey, 2003) арқылы танымдық нәтижелерді жақсарту мақсатында бағалау нәтижелерін қолданудың маңыздылығын көрсетті. Блум моделіне сәйкес мұғалімдер оқушылардың таным үдерістерін тұрақты түрде бағалай алды. Осындай бағалаудың нәтижесінде алынған ақпараттың танымдық нәтижелердің жеткілікті деңгейін көрсетпеген кезде мұғалім сол материалға қайта оралып, оқытудың басқа стратегияларын қолдану арқылы жаңалап беруге мүмкіндігі бар.

Дәл сол кезеңде Майкл Скривен (Скривен, 1967) бағалаудың екі түрін ұсынды: жиынтық бағалау және қалыптастырушы бағалау. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың қоршаған ортаны тану үдерісінің ілгерілеуін өлшеу үшін аналитикалық аспаптар мен тәсілдерді қолдануды көздейді.

П.Блэк пен Д.Уильям (Блэк және Уильям, 1998) бойынша бағалау мұғалімнің, сондай-ақ оқушының өз әрекетін бағалауда қолданатын оқыту мен оқуды түзету үшін кері байланыс ретінде қолданылатын барлық әрекеттерін білдіреді. Өздерінің талдау нәтижелерінде Блэк пен Уильям «... қалыптастырушы бағалау тәжірибесінің берік болуына себепші болатын инновациялар оқыту үдерісіндегі байқалатын және көпшілік жағдайда жоғары нәтижелерге жетуге көмектеседі. Бұл зерттеулер 5 жастағы балалардан бастап, университеттердің студенттеріне дейінгі жастар топтарында, қандай да бір пәндер бойынша және белгілі бір елдерде жүргізілетіні» жайлы қорытынды жасаған. Бұған қоса, оқытудың басқа стратегияларын (Стефанек, 2002) қолданудан алынған нәтижелерге қарағанда қалыптастырушы бағалауды қолдану барысындағы танымдық нәтижелер әлдеқайда маңыздырақ болған. Блэк пен Уильям (1998) «зерттеулердің көпшілігі тағы бір маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді: жетілдірілген қалыптастырушы бағалау өзгелерге қарағанда әсіресе танымдық нәтижелері төменірек оқушыларға көмектеседі, соның негізінде жалпы жетістік деңгейлерін көтеруде

оқушылардың білім деңгейлері арасындағы айырмашылықтың едәуір қысқаруына себепші болады». Кейбір елдерде (Австралия, Канада, Дания, Англия, Финляндия) білім беру жүйесіндегі табысты реформа мұғалімдердің тәжірибесіне қалыптастырушы бағалауды ендірудің нәтижесінде жасалды.

Бағалау жүйесінің маңыздылығын ескергендіктен, 2012 жылдан бастап, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» дербес білім беру ұйымы оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін ендіру Тұжырымдамасын жүзеге асыруда.

Негізгі бөлім

«Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәні үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде аталмыш курсты жоғары оқу орнындағы оқу пәні ретінде қарастырылады, ол өз кезегінде студенттерге ғылымның нысанын, пәнін, мақсатын, міндеттері мен әдістерін, бастауыш мектеп мұғалімдерін дайындаудағы оның орны мен қызметін, оқу пәнін оқытып-үйретудің мақсаттылығын сезінуге мүмкіндік береді.

Екінші бөлімі бағалау нормалары, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік, құқықтық құжаттарын талдауға, педагогикалық және психологиялық негіздеріне арналса, үшінші бөлімде бағалаудың түрлері, олардың әрқайсысына сипаттама, портфолио және оның бастауыш сынып оқушысының оқу жетістігін бағалаудағы орны сияқты мәселелерге ерекше мән беріледі.

1. «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» ЖОО-дағы оқу пәні ретінде.

«Бағалаудың өлшемдік технологиялары» курсының нысаны, пәні, зерттеу әдістері, оның басқа ғылым салаларымен байланысы.

2. Бағалаудың өлшемдік технологияларының ғылыми-педагогикалық негіздері.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау нормаларын дайындаудың ғылыми негіздері. Критерийлік бағалауды ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері.

Критериалды бағалау үдеріс ретінде. Критериалды бағалау жүйесінің әдіснамалық негіздері. Критериалды бағалаудың әдістемелік негіздері. В. П. Беспальконың критериалды-бағыттылық оқыту технологиясы. Критериалды оқытудың қызметі мен ұстанымдары.

Тұлғаға бағытталған оқытудағы бағалау жүйесінің ерекшеліктері. Бағалау. Баға.

Педагогикалық бағаның қызметі (нормативтік қызметі, ақпараттық-диагностикалық қызметі, бағыттаушылық, ынталандырушылық, тәрбиелік баға).

3. Бағалау түрлері және оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауды жоспарлау технологиясы.

Мақсат қою және оның бағалаудағы рөлі. Мақсат қоюға деген түрлі көзқарастар. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың мақсаттары мен ұстанымдары (маңыздылығы, барабарлық, шынайылық және әділдік, кіріктірілген, ашықтық, кол жетерлік, жүйелілік, тілектестік). Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың түрлері (диагностикалық, қалыптастырушы, жиынтық бағалау).

Қалыптастырушы бағалау. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері. Қалыптастырушы бағалаудың техникасы. Топтық жұмыс түрлерін қолдануда оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау. Топтарды және жеке оқушының топтағы жеке жұмысын бағалау.

Портфолио – оқушының оқу жетістігін бағалау құралы. Портфолионың қызметі. Портфолио оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейінің бейнесі ретінде. Портфолионы толтыру кезеңдері: ұйымдастыру және жоспарлау, жинақтау, рефлексия. Тиімді портфолио сипаттамасы. Портфолионы бағалау.

Өзін-өзі бағалау. Өзін-өзі бағалау тиімділігінің шарттары. Топтық жұмыстағы өзін-өзі бағалау формасы. Оқушылардың өзара бағалауы. Өзара бағалаудың артықшылықтары. Өзарабағалау техникасы.

Жиынтық бағалау. Жиынтық бағалаудың мақсаты. Бақылау-тексеру жұмыстарының түрлері. Б.Блум таксономиясы. Оқушылардың оқу жетістіктерін тіркеу.

Практикалық сабақтардың үлгі тақырыптары:

1. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға арналған нормативтік және ресми құжаттар.
2. Қазақстан Республикасы бастауыш сыныптарындағы бағалау жүйелері.
3. ҚР бастауыш сыныптарында оқытылатын оқу пәндерін бағалау нормалары.
4. Дәстүрлі бағалау түрлері және олардың оқушылардың оқу жетістіктерін анықтаудағы рөлі.
5. Бағалау мәселесі педагогикалық категория және оқу әрекетінің компоненті ретінде.
6. Критерийлік бағалау, оның қызметі, ұстанымдары және рөлі.
7. Мақсат қою, оның ұстанымдары мен қызметі.
8. Критерийлік бағалаудың түрлері.
9. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру құралы ретінде.
10. Жиынтық бағалауды қолдану.
11. Топтық жұмыста топтың және жеке оқушының жұмыстарын бағалау.
12. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау.
13. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудағы портфолионың рөлі.
14. Б.Блум таксономиясы.

15. Бастауыш сыныптың оқу пәндерін оқытуда бағалаудың түрлерін қолдануды жоспарлау, дайындау және өткізу.

СОӨЖ –ның үлгі тақырыптары:

1. ҚР, жақын және алыс шетелдердегі бастауыш сыныптардағы бағалау жүйелері.
2. Кіші жастағы мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің қазіргі жәйін, тарихы мен болашағын талдау.
3. Оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларындағы бағалаудың түрлерін талдау.
4. Бастауыш сыныптар оқу пәндері бойынша бағалау межесі.
5. Критериалды бағалау мәселелері.
6. Критерийлік бағалаудың педагогикалық және әдістемелік негіздері.
7. Дәстүрлі бағалау мен критерийлік бағалауға салыстырмалы талдау жасау.
8. Критерийлік бағалаудың ұстанымдары.
9. Қалыптастырушы бағалаудың оқушылардың танымдық үдерістерін дамытудағы рөлі.
10. Оқу мақсаттарын қою және оның бағалаудағы рөлі.
11. Жиынтық бағалауды қоюға арналған тапсырмалардың түрлері.
12. Портфолио дайындау және оны қорғау.
13. Қалыптастырушы бағалаудың әдістері.
14. Бастауыш сыныптардағы оқу пәндерінен қалыптастырушы бағалауға арналған сабақ жоспарларын дайындау, өткізуге талдау.
15. Бастауыш сыныптардағы оқу пәндерінен жиынтық бағалауға арналған сабақ жоспарларын дайындау, өткізу және талдау.

СӨЖ –ның үлгі тақырыптары:

1. Тұлғаға бағытталған оқытудағы бағалау жүйесінің ерекшеліктері.
2. Қазіргі заманғы мектептердегі қалыптастырушы бағалау.
3. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері.
4. Қалыптастырушы бағалау техникасы.
5. Табысты оқу үшін оқушыларды қызықтыру.
6. Оқыту үдерісіндегі жиынтық бағалау.
7. Өз іс-әрекетінің рефлексиясы.
8. Баға, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау.
9. Табысқа жетудің алгоритмі.
10. Сабақтағы тиімді кері байланыс.
11. Оқу үдерісін жетілдіру үшін бағалау.
12. Критерийлік бағалаумен байланысты түсініктерден глоссарий құрастыру.
13. Қалыптастырушы бағалауды өткізудің тәртібімен танысу, талдау.
14. Ішкі жиынтық бағалауды өткізудің тәртібімен танысу, талдау.

15. Оқушы портфолиосын құрастыру бойынша ұсыныстармен танысу, талдау.

1-аралық бақылаудың сұрақтары

1. «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәнінің нысаны, пәні, басқа ғылым салаларымен байланысы.
2. Бағалаудың өлшемдік технологиялары н зерттеу әдістері.
3. Бағалау межесін дайындаудың ғылыми негіздері.
4. Критериалды бағалауды ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері.
5. Критериалды бағалаудың әдістемелік негіздері.
6. Критериалды бағалаудың технологиясы.
7. Критериалды бағалаудың қызметтері.
8. Критериалды бағалаудың ұстанымдары.
9. Тұлғаға бағытталған оқытудағы бағалау жүйесі.
10. Бағалау нормативтік және ақпараттық-диагностикалық қызметі.
11. Мақсат қоюдағы бағалаудың рөлі.
12. Мақсат қою, Т.рлі көзқарастар.
13. Оқушылардың жетістігін бағалау ұстанымдары (маңыздылығы, барабарлығы, шынайылығы).
14. Оқушылардың жетістігін бағалау ұстанымдары (әділдік, кіріктірілген, ашықтық).
15. Оқушылардың оқу жетістігін бағалаудағы қолжетерлік, жүйелілік, тілектестік ұстанымдары

2-аралық бақылаудың сұрақтары

1. Критериалды бағалау түрлері.
2. Оқушылардың оқу жетістігін диагностикалық бағалау.
3. Оқушылардың оқу жетістігін қалдыптастырушы бағалау.
4. Оқушылардың оқу жетістігін жиынтық бағалау.
5. Бағалау критерийлері.
6. Қалыптастырушы бағалау техникасы.
7. Топтық жұмыс түрін бағалау.
8. Оқушылардың оқу жетістігін портфолионың көмегімен бағалау.
9. Тиімді портфолио. Сипаттамалар. Портфолиомен жұмыстың кезеңдері.
10. Қызығушылық бағалаудың бір мақсаты ретінде.
11. Оқушылардың өзара бағалау үдерісі.
12. Бақылау-тексері жұмыстарының түрлері.
13. Жас ерекшелікті ескере отырып бағалау.
14. Жиынтық бағалаудың мәні.
15. Критериалды бағалауды әдістемелік қамтамасыздандыру.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

Негізгі әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім). – Астана, 2010.
2. Бағдарламалар. Математика. (1-4 сыныптар). – Астана, 2013.
3. Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделі / Әдістемелік ұсыныстар, Астана, 2013.
4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың жүйесін енгізу тұжырымдамасы. – Астана, 2012.
5. Сыртқы жиынтық бағалау моделі // Әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2014.
6. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың Ережелері. – Астана, 2013 жыл 29 тамыз.
7. Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. – Астана, 2015.
8. Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий. – А., Педагогика, 2009.
9. Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство/Сост.Р. Х. Шакиров, А.А. Буркитова, О.И. Дудкина. – Б.: «Билим», 2012.
10. Формативное оценивание в начальной школе. Практическое пособие для учителя/Сост. О. И. Дудкина, А. А. Буркитова, Р. Х. Шакиров. – Б.: «Билим», 2012.
11. Формативное (формирующее) оценивание: методическое пособие / Е.Н. Кохаева. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014.
12. Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе. Учебное пособие. – Пермь, 2010.
13. Матвеева Е.И., Патрикеева И.Е., Панкова О.Б. Критериальное оценивание в начальной школе. Пособие для учителя (из опыта работы). – М., Вита-Пресс, 2013 г.

Қосымша әдебиеттер

1. Жайтапова А.А., Рудик Г.А., Белошниченко Е.В., Сатывалдиева А.С. «XXI ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында». Ақпараттық әдістемелік дайджест. – Алматы, 2009.
2. Құдайбергенова К.С. Құзырлық табиғаты тұлғаның өздік дамуында. – А: «Принт АСС», 2006.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

4. Жексенбаева У.Б. Компетентностно-ориентированное образование в современной школе.– Алматы, 2009 г.

5. Студентке арналған нұсқаулық. – Астана, 2015.

6. Гин А. Приемы педагогической техники. – М., 2001

7. 4. Гузеев В.В. Планирование результатов образования и образовательная технология. – М., 2001.

Интернет -ресурстар

1. [en.wikipedia.org/ wiki/](http://en.wikipedia.org/wiki/)

2. [http://www.assessmentinst.com/ events_training.php](http://www.assessmentinst.com/events_training.php)

3. [http://rubistar.4teachers.org/ index.php](http://rubistar.4teachers.org/index.php)

4. [schools.techno.ru/ ms45/ win/ edu/ news/ 2004_05/ assessm.doc](http://schools.techno.ru/ms45/win/edu/news/2004_05/assessm.doc)

К.Маркс пен Ф.Энгельстің пікірлеріне терең талдау жасап, Ленин адам баласының бойындағы таланттың сырын ашып, оған жағдай жасайтын күш мектеп екендігіне, тұлғаны жан-жақты дамытуда мектептің негізгі құрал болатындығына көз жеткізе дәлелдеді. Бұл ретте Мағжан Жұмабаевтың айтқан «Тәрбиедегі мақсат – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару» деген пікірі маңыздылығын жойған жоқ.

Келешек ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуде, жаңа заманда көкірегі ояу, ұлттық сана-сезімі жоғары саналы азаматты тәрбиелеу ұзақ әрі күрделі үдеріс болып табылады. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі таңда өткір қойылып, өз шешімін табуды қажет етіп отыр. Аталмыш мәселені шешуде көптеген ойшылдар мен ғалымдар өз үлестерін қосқан.

Отбасы тәрбиесі мәселелері Шығыстың ұлы ойшылдары Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қ.Иассауи, М.Қашғари, классик педагогтар Я.Коменский, К.Ушинский, И.Песталоцци, қазақ ағартушылары Абай Құнанбаев пен Ы.Алтынсарин еңбектерінде, кеңес педагогтары В.Сухомлинский, А.Макаренко, Н.Крупская, қазақ зиялылары М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов және т.б. еңбектерінде кеңінен орын алады. Бүгінде отбасы тәрбиесі мәселелері қазақстандық ғалымдар С.Ғаббасов, Р.Қоянбаев, Г.Байделдинова, В.Лысенкова, Р.Төлеубекова және т.б. тарапынан зерттелініп келеді. Ал мектеп пен жанұяның бірлігі мәселесі бойынша Гиппенрейтер Ю.Б., Дереклеева Н.И., Карнеги Д., Кипнис М., Минияров В.М., Фалькович Т.А., Толстоухова Н.С., Обухова Л.А., Хухлаева О. еңбектерін атап көрсетуге болады.

Бүгінде тәрбие берудің ауқымы кең, талабы жоғары. Соған сай заман талабы бүгінгі отбасына үлкен жауапкершілік пен жоғары білімділікті жүктеп отыр. Жеке тұлғаның қалыптасуына ықпалы ерекше болғандықтан, отбасы тәрбиесіне философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық және педагогикалық зерттеулерде ерекше көңіл бөлінген. Бүгінге дейін отбасы және ондағы бала тәрбиесін ұйымдастыру мәселелері қазақстандық ғалымдар Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев, Л.Лысенко, Р.Төлеубекова, Г.Байдельдинова, Ж.Әбиев және т.б. тарапынан зерттеліп келді. Олар өз зерттеулерінде ұлттық ділді ескере отырып қоғам талабына сай бала тәрбиесін ұйымдастырудың жолдарын көрсетуге тырысады.

Олай болса, жасөспірім бойына халқымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, имандылық пен ізгілік нұрын сіңіруге баса назар аудару, бүгінгі таңда басты мақсат-мұраттарымызға айналып отыр. Ол үшін өз елін, өз жерін сүйетін, өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін қадірлеп-қастерлейтін азаматты тәрбиелеу, ұлттық санасын дамыту – мектептердің басты міндеті екені даусыз.

Бүкіл тәрбие үдерісі баланың жеке тұлғасын дамытуға, ұстаздар мен оқушылар қарым-қатынасын демократияландыруға, ізгіліктендіруге, ата-аналар қауымымен ынтымақтаса жұмыс істеуге бағытталған. Еліміздің әлеуметтік-экономикасын жетілдіру кезеңі мен нарық экономикасы жағдайында адам факторы жаңа негізде қаралып, жаңа адамды қалыптастыру тың мәселе болмақ.

Осы тұрғыда тәрбие үрдісін ұйымдастырудың әдістемесін жаңаша қарастырып, тәрбие әдістері мен тәсілдерін талдап, жоспарлаудың нақты әдістемесін қарастырудың маңызы зор. Бұл міндетті жүзеге асыруда 5В010200 – Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім алушылар үшін «Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен, әдістемесі» курсы ерекше мәнге ие.

«Бастауыш мектептегі тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесі» пәні «Жалпы педагогика» курсының логикалық жалғасы болады және педагогикалық іс-тәжірибемен іштей байланысты. Оның негізгі мақсаты – болашақ педагогтарды мектептегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастыра білуге дайындау, оларды топ жетекшісі ретінде қалыптастыру.

«Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні арнайы пәндер модуліндегі міндетті компонентке жатады.

«Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» курсының меңгеру жалпы кәсіби цикл пәндері «Кәсіби мамандыққа кіріспе», «Педагогика», «Жалпы психология», «Жеке тұлғаның психология-педагогикалық диагностикасы», «Этнопедагогика» және әлеуметтік-гуманитарлық циклінің «Әлеуметтану», «Философия» пәндерімен тығыз байланыста оқытылады.

«Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» курсының меңгерілу нәтижесі алдыға қойылған оқу мақсаттарына қол жеткізу болып табылады.

Курстың соңында студент бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесін жақсы білетін, қазіргі тәрбиеші- құзыретті маманға қойылатын талаптарға сай кәсіби білім, білік, дағдыларын меңгеруі қажет.

Пәннің мазмұнын оқып-үйрену нәтижесінде болашақ маман:

- тәрбие жұмысы әдістемесінің негізгі ұғымдарын;
- тәрбие жұмысының гуманистік педагогикасымен үйлесімділігін;
- сынып ұжымы мен оқушылардың жеке тұлғасын, әлеуметтік ортасын диагностикалау әдістерін;
- бастауыш сыныптағы тәрбие жұмыстарын жоспарлауды,
- бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының түрлерін, әдіс-тәсілдерін;
- бастауыш сынып оқушылары, олардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасаудың формалары мен әдістерін;
- сынып жетекші іс-әрекетінің бағыттары мен жүйесі туралы;
- атқарылған тәрбие жұмыстарының нәтижесін талдай және бағалай

білуі керек.

Болашақ маман:

- сынып оқушыларын педагогикалық диагностикалаудың әдістерін;
- оқушылардың дамуы мен тәрбиесіндегі нақты мәселелерді айқындап, оларды шешудің әдістемесін;
- тәрбиелік шаралардың жоспарларын дайындап оларды ұжымдық - шығармашылық істер бойынша ұйымдастыру формаларын;
- оқушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен жағымды қарым-қатынас

жасау және туындаған кикілжіңді шешудің әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана алуы керек.

- адамға деген құрмет, жеке тұлғаның құндылығын сезіну және бағалай білу;
- принципшілдік, талапкершілдік, мақсаттарға қол жеткізу;
- төзімділік пен шыдамдылық, күте және кешіре білу;
- педагогикалық әдеп, өз-өзін басқару, эмоциясын ұстай білу;
- мораль нормаларын ұстану;
- өз іс-әрекеттеріне, сынып оқушылары және кәсіби міндеттері үшін жауапты болу дағдылары *қалыптасады.*

«Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі»

курсы студенттерді адамгершілік және әлеуметтік-психологиялық талаптарға сай педагог-тәрбиеші ретінде ғана емес, жан-жақты қалыптасқан тұлға ретінде бәсекеге қабілетті құзыретті маман болып қалыптасуына ықпал етеді.

Пәннің пререквизиттері

Аталған курсты оқып-үйрену үшін студенттің «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Педагогика» курстарынан жеткілікті білімі болуы қажет етіледі.

Пәннің постреквизиттері

«Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні кәсіптік оқыту жүйесіндегі педагогикалық менеджмент, қазіргі заман оқыту технологиялары, жалпы және арнайы пәндерді оқыту әдістемесі сияқты пәндерді оқып-үйренудің негізі болып табылады.

«Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәнінің тақырыптық жоспары

1. Тәрбие – тәрбиелеу үрдісін ғылыми байыптаудың негізгі категориясы.
2. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысы.
3. Қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі
4. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әдістері.
5. Қазіргі оқу-тәрбие үрдісіндегі тәрбие технологиялары.
6. Бастауыш мектептегі сынып жетекшісінің қызметі.
7. Оқушылар ұжымын қалыптастырудың әдістемесі.
8. Оқушылардың ата-аналарымен педагогикалық өзара іс-әрекет технологиясы.
9. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының қызметі мен формалары.
10. Тәрбие жұмысының тиімділігі мен нәтижесінің диагностикасы.
11. Қазіргі жағдайдағы балалар мен жасөспірімдер бірлестігі.

Пәннің мазмұны

Кіріспе

Пәннің **нысаны** – бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша ҚР мемлекеттік стандарты талаптарына сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жоғары педагогикалық кәсіптік білімінің құрамдасы ретіндегі «Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» оқу курсының мазмұны.

Пәні – тәрбие жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыру бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім, білік, дағдыларын қалыптастыру үрдісі.

«Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні студенттерге тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі саласындағы білім, білік, дағдыларын, нақты тәрбиелік міндеттерді шығармашылық тұрғыдан шеше білу, сынып жетекшісі қызметін жүзеге асыру мен ұйымдастыруда тәрбиенің дәстүрлі және қазіргі жаңа технологияларын қолдана алу біліктілігін игерту **мақсатын** көздейді.

Осы мақсатқа орай мынадай **міндеттер** қойылады:

- студенттерге болашақ педагог ретінде бастауыш сынып оқушыларының тәрбие деңгейі мен оқушы ұжымының дамуын кешенді психологиялық әдістер арқылы анықтай білуге үйрету;

- мектептің тұтас педагогикалық үрдісіндегі сынып жетекші іс-әрекетінің ерекшелігі жайында студенттерді теориялық және практикалық біліммен қамтамасыз ету;

- мектептің тұтас педагогикалық үрдісіндегі тәрбие жұмысын басқаруды, тәрбиенің қазіргі жаңа технологияларын қолдануды, ұйымдастыру, жоспарлау дағдысы мен тәжірибелік біліктілікті қалыптастыру;

- оқушының және балалар ұжымының жеке, жыныстық және жас ерекшелігін есепке ала отырып, тәрбиенің дәйекті міндеттерін ұсына білуге дағдыландыру;

- оқушы ұжымын және жекелеген оқушыны тәрбиелеуде тәрбиенің түрлері, әдістері мен тәсілдерін ұйымдастыруды жоспарлай білуге үйрету;

- бала тәрбиесінде мұғалімдердің, ата-ананың, жұртшылық қызметін үйлестіре алу іскелігін дамыту;

- студенттерді өзіндік шығармашылық мүмкіндіктерін көтеруге, кәсіби қабілеттері мен шеберлігін, білімін өз бетімен жетілдіру дағдыларын қалыптастыру.

Пәнді оқытуда сөздік әдістер (түсіндіру, дәріс, әдебиеттермен жұмыс істеу), интербелсенді әдістер (пресс конференция, дәріс-консультация, кейс-стади, пікірталас т.б.), практикалық әдістер және көрнекілік әдістер пайдаланылады.

«Жас бала – жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» - дейді халқымыз. Жерге отырғызған жас көшет те қашан тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып, саялы ағаш болып үлкейгенше мәпелеп күтіп, үзбей тәрбиелеуді керек етеді.

Тәрбие кездейсоқ оқиға емес, ол қоғамның пайда болуына тән қасиет.

Тәрбие жеке тұлғаның санасына, мінез – құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым – қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез – құлқын қалыптастыру құралы.

Олай болса, тәрбие көптің ісі. Тәрбие мәселесімен қоғамдық ұйымдар, мекемелер және жұртшылық болып айналысқан жағдайда ғана ол нәтижелі болмақ. Соған сай тәрбие туралы ұғымға тар мағынада емес, кең мағынасында, бір жақты емес, кең көлемде, яғни табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата – аналардың жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына мақсатты түрде ықпалы, өзара әрекетінің нәтижесі ретінде қараған жөн.

Сондықтан да тәрбиенің мәнісі, біріншіден, қоғам үшін саналы, белсенді, ізгіленген, іскер азаматты қалыптастыру болса, екіншіден, жеке адам үшін – оны өмір сүре білуге, өзін қоршаған ортамен қарым – қатынас жасай білуге үйрету.

Олай болса тәрбие процесі деп – қоғамның талап – тілектеріне сай әрбір жеке тұлғаның ақыл – ойын, сана сезімін, ерік – жігерін, мінез – құлық ерекшеліктерін жүйелі түрде қалыптастырып, дамытудағы тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара бірлескен әрекетін айтамыз.

Негізгі бөлім

Тәрбие – тәрбиелеу үрдісін ғылыми байыптаудың негізгі категориясы. Тәрбиенің ізгілік парадигмасы. Тәрбиелеу үрдісін ізгілендірудің ұстанымдары. Тәрбиеге технологиялық, күзiреттiлiк тәсiлдердi пайдалану. Тәрбиелеу үрдісінің мәні. Тәрбиелеу үрдісінің әлеуметтік кеңістігі. Тәрбиелеу үрдісінің мақсаты мен міндеттері.

Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысы. «Тәрбие жұмысы» ұғымына түсінік. Қазіргі бастауыш мектептердегі тәрбие жұмысының жүйесі. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмыстарының бағыттары: рухани-адамгершілік, еңбек, азаматтық-елжандылық, құқықтық, этикалық, полимәдениеттілік және т.б. Тәрбие сағатын өткізу және табысқа жету критерилері. Бастауыш мектептегі тәрбие үрдісін әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

Қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі. Мектептің тәрбие жүйесі мектептегі тұтас әлеуметтік-педагогикалық құрылыс және балаларды әлеуметтендіру мен дамытуға мақсатты түрде бағытталған фактор ретінде. Тәрбие жүйесі дамуы мен қалыптасуының әдістемесі мен кезеңдері, оны бағалаудың өлшемдері. Мектеп пен сыныптағы тәрбие жүйесінің өзара байланысы. Педагогикада қалыптасқан тәрбие жүйесі, оларға сипаттама. Қазақстан мектептеріндегі тәрбие жұмысы.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әдістері. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формалары, әдіс-тәсілдері. Тәрбие жұмысын ұжымдық, топтық және жекелік формалары. Сендіру әдістемесі. Дискуссия – оқушылардың саналық-адамгершілік сенімдерін дамытудың әдісі ретінде. Педагогикалық ынталандыру әдістері. Педагогикалық талап. Балалар ұжымымен жұмыс жүргізудің ұтымды жүйесі. Мадақтау және жазалау – педагогикалық түзету әдісі ретінде.

Қазіргі оқу-тәрбие үрдісіндегі тәрбие технологиялары. «Тәрбие технологиясы» ұғымы, міндеттері. Тәрбие технологиясының ерекшеліктері. Педагогикалық технологиялардың классификациясы. Тәрбие технологиясының сипаттамасы.

Бастауыш мектептегі сынып жетекшісінің қызметі. Сынып жетекшісінің іс-әрекеті мектептегі тәрбие жұмысының табысты болуының басты шарттарының бірі ретінде. Педагогикалық рефлексия сынып жетекшісінің тәрбие жұмысында қажетті компоненттерінің бірі ретінде. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының мақсаты. Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері. Құжатты және есеп беру. Сынып жетекшісінің қызметінің нәтижелерін бағалау.

Оқушылар ұжымын қалыптастырудың әдістемесі. «Ұжым» ұғымына анықтама. Ұжым белгілері, ұжым дамуының сатылары. Тәрбие ұжымы. Мектеп пен сынып ұжымына бірегей педагогикалық талаптар. Оқушылардың ұжымдық өз-өзіне қызмет көрсетуі. Оқушы ұжымындағы жарыстар. Оқушылардың өзін-өзі басқаруының дамуы.

Оқушылардың ата-аналарымен педагогикалық өзара іс-арестеттехнологиясы. Мұғалім – отбасы мен мектептегі ынтымақтастықты қалыптастырушы. Сыныпта ата-аналар кеңесіне педагогикалық басшылық жасау әдістемесі. Балалар тәрбиесіндегі әріптестік ата-аналармен жұмыс жасау принциптері. Отбасылармен жеке жұмыс жасауға дайындық әдістемесі.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының қызметі мен формалары. Мектеп, отбасының және қоғамның балалар тәрбиесіндегі өзара қызметі, формалары. Балалар тәрбиесіндегі отбасы мен қоғамның қызметі. Мектептің өзге де әлеуметтік институттармен байланысы (бұқаралық ақпарат құралдары, жасөспірімдер жөніндегі инспекция, мәдени-ұлттық орталықтар және т.б.)

Тәрбие жұмысының тиімділігі мен нәтижесінің диагностикасы. Тәрбие үрдісін әдістемелік жағынан қамтамасыз ету. Тәрбие жұмысының тиімділігі мен нәтижесін зерттеу әдістемесі. Психологиялы-педагогикалық диагностика ұғымы. Оқушы тұлғасы мен балалар ұжымын зерттеудің әдістері. Психологиялы-педагогикалық диагностикалау әдістерінің сипаттамасы. Анкеталар, тестер жасаудың әдістемесі.

Қазіргі жағдайдағы балалар мен жасөспірімдер бірлестігі. Жас ерекшеліктері бірдей оқушылардың қоғамдағы өсу деңгейінің рөлі өскелең ұрпақты әлеуметтендірудің микрофакторы ретінде. Жасөспірімдер және жеткіншектердің мәдениет элементтері: сән, мінез-құлық стилі, музыкаға әуестігі, би және бос уақытын өткізу ұқсастығы, жастар бірлестіктері. Балалар бірлестіктерінің классификациясы.

Практикалық сабақтардың үлгі тақырыптары:

1. «Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» ғылыми оқу пәні ретінде.
2. Тәрбие жүйесі және оның негізгі компоненттері.
3. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының мақсаты, міндеттері, бағыттары.
4. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының формалары, әдістері мен тәсілдері.
5. Сынып жетекші қызметінің мазмұны.
6. Балалар ұжымын ұйымдастыру және ұжымдық тәрбие жұмысын жүргізу әдістемесі.
7. Тәрбие технологиясы.
8. Сыныптың тәрбие жұмысына ата-аналарды қатыстыру әдістемесі.
9. Оқушыларды тәрбиелеуде мектептің, отбасының және қоғамның ықпалдастығы.
10. Бастауыш сынып оқушыларын психологиялық-педагогикалық диагностикалау әдістері.
11. Балалар мен жастар бірлестігі.
12. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістемесі.

Студенттердің оқытушының жетекшілігімен орындайтын өзіндік жұмыстарының тақырыптары:

1. Тәрбие жұмысының формалары, әдістері.
2. Тәрбие технологиясы. Әлемдегі тәрбие жүйелері. Тәрбие жүйелерінің критерийлері
3. «Ұжым» ұғымына анықтама. Ұжым белгілері, ұжым дамуының сатылары. Тәрбие ұжымы.
4. Мектеп, отбасының және қоғамның балалар тәрбиесіндегі өзара қызметі, формалары.
5. Сынып жетекшісінің мектеп әкімшілігі және пән мұғалімдерімен жұмысының мазмұны.
6. Төменгі сынып оқушыларында этикалық мәдениет қалыптастыру әдістемесі.
7. Халық педагогикасының негізгі бағыттарын жүзеге асыруда жүргізілетін тәрбие жұмысы түрлерінің әдістемесі.
8. Мектеп оқушыларының оқуға деген қарым-қатынасын, мінез-құлқын, қызығушылығын зерттеудің әдістемесі.
9. Қазіргі кездегі тәрбиенің әлеуметтік педагогикалық проблемалары және оларды шешу мүмкіндіктерінің жолдары
10. Ұжымдық шығармашылық іс әрекетті жоспарлау әдістемесі.
11. Ата-аналармен сынып жетекшісінің бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі.
12. Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруда жүргізілетін тәрбие жұмыстарының формалары.
13. Социометрия әдісі бойынша эксперимент жүргізудің жолдары мен шарттары.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тақырыптары:

1. Қазіргі кездегі тәрбиенің әлеуметтік педагогикалық проблемалары және оларды шешу мүмкіндіктері.
2. Қазіргі қоғамдағы бастауыш сынып мұғалімінің тұтас педагогикалық үрдістегі міндеттері мен жұмыс жүйесі.
3. Қазіргі бастауыш мектептегі тәрбие жүйесі.
4. Тәрбие жұмысына гуманистік тұрғыдан қараудың маңызы.
5. Тәрбие жұмысы жоспарының мазмұны, формалары және құрылымы.
6. Сынып жетекшісінің кәсіби қабілеттері мен біліктілігі.
7. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын талдау, кәсіби біліктілігін жетілдіру.
8. Бастауыш сынып жетекшісінің қоғамдық әлеуметтік маңызы.
9. Бастауыш мектептегі тәрбие мен қоршаған ортаның байланысы.
10. Ата-аналармен педагогикалық ағарту ісі.
11. Ата-аналар мен сынып жетекшісінің бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі.
12. Оқушылардың ұжымдық таным әрекеттерін ұйымдастырудың

әдістемелері.

13. Сынып ұжымының диагностикалық картасын жасау әдістемесі.

I аралық бақылаудың сұрақтары

1. Тәрбиелеу үрдісінің мәні. Тәрбиелеу үрдісінің әлеуметтік кеңістігі.
2. Тәрбиелеу үрдісінің мақсаты мен міндеттері.
3. Қазіргі бастауыш мектептердегі тәрбие жұмысының жүйесі.
4. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмыстарының бағыттары
5. Мектеп пен сыныптағы тәрбие жүйесінің өзара байланысы.
6. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формалары, әдіс-тәсілдері.
7. «Тәрбие технологиясы» ұғымы, міндеттері.
8. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының мақсаты.
9. Оқушылардың сыныптан тыс тәрбие жұмысы мектеп және сыныптың тәрбие жүйесінің көрінісі ретінде.
 10. Оқушылардың тәрбие жұмысының диагностикасы.
 11. Оқушылардың тәрбие жұмысына мақсат қою және жоспарлау.
 12. Ұжым белгілері, ұжым дамуының сатылары.
 13. Балалар ұжымымен жұмыс жүргізудің ұтымды жүйесі.
 14. Мектеп пен сынып ұжымына бірегей педагогикалық талаптар.
 15. Елжандылық пен азаматтық, рухани-адамгершілік мәдениеті мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
 16. Оқушылардың өзін-өзі басқаруының дамуы.
 17. Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері.
 18. Оқу-танымдық қызығушылықты интеллектілік пен эстетикалық және экономикалық мәдениетті қалыптастыруда оқушылармен тәрбие, жұмысын ұйымдастыру.
 19. Экологиялық мәдениетті, отбасылық қарым-қатынас мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыруда оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
 20. Оқушылардың тәрбие жұмысын талдауы және өз беттерінше талдауы.

II аралық бақылаудың сұрақтары

1. Тәрбие жоспарын құру, оның құрылымы және ерекшеліктері.
2. Мұғалім – отбасы мен мектептегі ынтымақтастықты қалыптастырушы.
3. Балалар тәрбиесіндегі отбасы мен қоғамның қызметі.
4. Тәрбие жұмысының тиімділігі мен нәтижесін зерттеу әдістемесі.
5. Психологиялы-педагогикалық диагностика ұғымы.
6. Оқушы тұлғасы мен балалар ұжымын зерттеудің әдістері.
7. Анкеталар, тестер жасаудың әдістемесі.
8. Оқу еңбегінің мәдениетіне тәрбиелеу әдістемесі.
9. Мектеп жасындағы оқушыларда этикалық мәдениетті қалыптастыру.
10. Салауатты өмір салтын қалыптастыру.
11. Педагогикалық ынталандыру.

12. Ұжымдық тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру.
13. Жарыстар, мерекелік кештер, тәрбие сағаттарының бағдарламасын құру технологиясы.
14. Жасөспірімдер және жеткіншектердің мәдениет элементтері.
15. Балалар бірлестіктерінің классификациясы.
16. Балалар тәрбиесіндегі әріптестік ата-аналармен жұмыс жасау принциптері.
17. Сынып жетекші қызметінің нәтижелерін бағалау.
18. Педагогикада қалыптасқан тәрбие жүйесі, оларға сипаттама.
19. Отбасылармен жеке жұмыс жасауға дайындық әдістемесі.
20. Социометрия әдісі бойынша эксперимент жүргізудің жолдары мен шарттары.

Ұсынылатын әдебиет тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасындағы адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдама туралы. ҚР үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 21 қараша.
3. Бабаев С.Б. Тұлғалық педагогика. – Алматы, 2011.
4. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2004.
5. Введение в педагогическую профессию: Учебное пособие для студентов пед. специальностей. /Хан Н.Н., Калиева С.И., Жексенбаева У.Б., Колумбаева Ш.Ж., Калиева Г.И., Берикханова А.Е./ - Алматы, 2010.
6. Майгаранова Ш., Иманбаева С.Т. Мектептегі тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2009.
7. Тажбаева С.Г. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. –Алматы, 2013.
8. Тәжібаева С.Т. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың технологиясы. Алматы: «Ғылым» 2003ж.Иванова Н.Д., Берикханова А.Е. Культура умственного труда - залог успешной компетентностной подготовки будущих специалистов. – Алматы, 2008. - 78 с.
9. Қоянбаев Р.М., Ыбыраимжанов Қ.Т. Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы. – Түркістан, 2005.
10. Иманбекова Б.И. Тәрбиеге жетекші. – Алматы, 2004.
11. Губашева С.Г., Отарбай А.Ж. Тәрбие жұмысының әдістемесі. – Астана, 2007.

Қосымша әдебиет:

1. Кошербаева А.Н. История педагогической мысли в эпоху Центрально-Азиатского Ренессанса (X-XIV вв.).-Алматы, 2010.
2. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10-томдық. 1-2 том. – Алматы, 2009.
3. В.С. Кукушин. Введение в педагогическую деятельность. Ростов-на-Дону. - 2010.

4. Баймолдаев Т.М. Білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негізі: Білім беру ұйымдарының басшыларына және білім жүйесі қызметкерлеріне арналған. Монография. /Т.М.Баймолдаев. – Алматы, 2013.
5. Мектептегі психологиялық диагностика: Әдістемелік құрал. - Астана:12 жылдық білім беру республикалық ғылыми-практикалық орталығы, 2005.
6. Құдайқұлов С.М., Құдайқұлов М.Ә. Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік. Алматы, «Школа XXI века», 2006.
7. Рысбекова Л.Қ., Ерімбетова Г.Х. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Түркістан – 2008.
8. Артықбаев Ж.О. Жеті жарғы. –А. 2003.
9. Рожков М.И., Байбородова л.В. Теория и методика воспитания. – М.: 2004.
10. Әбенбаев С. Сынып жетекшісі. – Алматы: Дарын. 2004.
11. Поляков С.Д. Технология воспитания. - М., 2003.
12. Сергеева В.П. Классный руководитель: планирование и организации работы от А до Я. М., 2001г
13. Кукушкин В.И. Теория и методика воспитания.-М.: Издательский центр «Академия», 2002.
14. Воронов В.В. Технология воспитания. - М., 2000.

Авторы:

Тазабекова А.С. – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

МОА 3301 Математикадағы оқыту әдістемесі

5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

3 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Низамова М.Н. – п. ғ. к., доцент, Алматы Мемлекеттік технологиялық университеті

Жұмабаева Ә.Е. – п. ғ. д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Математиканы оқыту әдістемесі» пәні 5B010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша ТОЖ сәйкес міндетті компоненттің кәсіптік пәндер блогына енеді.

Пәннің негізгі қызметі мектеп мұғалімінің кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытудың ғылыми негіздері бойынша кәсіби-теориялық дайындығының қазіргі қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыратындай сапалық деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған. Аталмыш пәнді оқып үйрену барысында болашақ бастауыш сыныптар мұғалімдері әдістеменің негіздері жайлы теориялық біліммен қаруланады, кіші жастағы мектеп оқушыларына математиканы оқыту технологиясының әр түрлерін жүзеге асыруға арналған база жасалады және оларды практика жүзінде қолданудың тәжірибесін игереді.

Пәннің пререквизиттері: Математиканы оқыту әдістемесіпәнін игеру үшін «Педагогика», «Психология», «Математика негіздері», «Критериалды оқыту технологиясы», «Кіші мектеп жасындағы оқушылардың даму физиологиясы» пәндерін оқып үйрену барысында қалыптасатын білім, білік және іс-әрекет түрлерін қолданады.

Пәннің постреквизиттері: «Математиканы оқыту әдістемесі» пәні осы пәнмен байланысты таңдау пәндерін ілгеріде оқыту, педагогикалық практиканы ұйымдастыру мен өткізу кезінде практикалық біліктер мен дағдыларды игеру үшін қажет болатын ғылыми-әдістемелік және кәсіби-технологиялық негіз болып табылады.

Пәні оқытып-үйретудің нәтижесі практиканы өткізуге, диплом жұмысын жазуға дайындауға технологиялық база болып табылады.

Пәннің тақырыптық жоспары

1. «Математиканы оқыту әдістемесі»- ғылым және оқу пәні
2. Бастауыш мектептегі математиканың ғылыми-әдістемелік негізі ретіндегі пәннің сипаттамасы
3. Бастауыш сыныптарда математиканы оқытуды ұйымдастыру
4. Математиканың мазмұндық-әдістемелік желілерінің ұғымдары мен әрекет тәсілдерін оқытудың технологиясы

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Пәннің мақсаты студенттерде кіші жастағы мектеп оқушыларына математиканы оқыту барысында туындайтын оқу-тәрбиелік міндеттерді кәсіби деңгейде шешу үшін қажет болатын құзырлылықпен қаруландыру болып табылады.

Пәннің негізгі міндеттері:

- кәсіби іс-әрекетке қажет болатын құзыреттіліктерді қалыптастыруға себепкер болу;

- кіші жастағы оқушыларға математиканы оқыту барысын жоспарлау, оны жүзеге асыру, басқару және рефлексиядағы білім, білік және дағдыларды біріктіретін пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру;

- диагностикалық және зерттеу әрекеттерін жобалау және жүзеге асыру технологиясын игеруге себепкер болу болып табылады.

Пәннің нысаны– бастауыш сыныптар мұғалімінің жоғары педагогикалық кәсіби білім беру құрамдасы ретіндегі әдістемелік-математикалық білім.

Пәні – кіші мектеп жасындағы оқушыларға математиканы оқытудың теориялық негіздері бойынша болашақ бастауыш сыныптар мұғалімдерінің кәсіби-теориялық және технологиялық, пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру барысы.

Пәнді оқытып-үйрету **әдістері** – әр түрлі түпнұсқалардан, оның ішінде сабақтарға қатысу, СОӨЖ бен СӨЖ-ді орындау барысында ақпарат алу; ғылыми-педагогикалық және арнайы әдебиеттермен жұмыс істеу; бақылау мен педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және жүргізу; озық педагогикалық тәжірибені оқып-үйрену және жалпылау; әңгіме, сауалнама жүргізу; тестілеу және т.б.

Пәнді игеру нәтижелеріне қойылатын талаптар:

Пәнді оқыту барысы:

- оқу пәні ретіндегі математиканың нормативтік-құқықтық және мазмұндық-процессуалдық сипаттамасының ғылыми-әдістемелік негізі жайлы;

- бастауыш математикалық білімнің ерекшелігі мен кіші жастағы мектеп оқушыларына математиканы оқытудың мақсаты, міндеттері, мазмұны, құралдары, ұйымдастыру формаларын қалыптастыруды негіздеу, мазмұндық және мазмұндық-әдістемелік желілерін құру ұстанымдары жайлы;

- әдістемелік жүйенің әр нұсқадағы модельдері түрлі ғылыми идеялар мен ҚР, жақын және алыс шетелдердегі бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың дәстүрлі және инновациялық технологияларының мақсатты бағдары, тұжырымдық қағидалары, мазмұны мен әдістемесінің ерекшеліктері жайлы;

- ұғымдар мен әрекет тәсілдері жүйесінің сипаттамасы, математиканың мазмұндық-әдістемелік желілері материалдарын оқытудың жалпы мәселелері жайлы;

- математика сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстарда оқу үдерісін ұйымдастырумен байланысты дидактикалық біліктердің жиынтығы негіздері жайлы;

- бастауыш сынып мұғалімінің тәрбиелік, дамытушылық және білімділік функциялары жайлы;

- оқу-танымдық әрекетті ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің, құралдары мен формаларының, технологиялардың сабақтағы және сыныптан тыс жұмыстарда балалардың математикалық даму жұмыстарының әр түрлі формаларының ғылыми-әдістемелік негіздері, тұжырымдық қағидалар, ҚР,

жақын және алыс шетелдердегі бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың дәстүрлі және инновациялық технологияларының мазмұны мен әдістемесінің ерекшеліктері жайлы;

- кіші мектеп жасындағы оқушыларға математиканы оқыту үшін тиімді қазіргі заман педагогикалық технологиясының элементтерін, даму диагностикасының әдістері мен құралдарын, балалардың білімдік және құзыреттілік жетістіктерін, педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері мен әдістемелік зерттеулер жүргізуді, тұлғаның оқу жетістіктерін тексеру мен бағалауды іріктеуді негіздеп беру жайлы;

- құзырлылық, функционалды сауаттылық қалыптастыруға, интеллектуалды даму және математиканың мазмұндық желілерінің сәйкес ұғымдары мен әрекет тәсілдерін оқыту технологиясына бағытталған ҚР кіші жастағы мектеп оқушыларына математиканы оқыту технологияларын негіздеу жайлы;

- математиканың мазмұндық-әдістемелік желілерінің әрбір материалдарын оқыту технологиясының сипаттамасы жайлы;

- математикалық білім берудің әр түрлі деңгейлері арасындағы перспективтік және сабақтастық байланыстарды жүзеге асыру құралдары мен жобалау және өткізудің практикалық әрекетін, даму диагностикасының, балалардың білімдік және құзыреттілік жетістіктерінің әдістері мен құралдарын, педагогикалық тәжірибені оқып үйрену, жеке тұлғаның оқу жетістіктерін тексеру мен бағалаудың әдістерін іріктеуді негіздеп беру жайлы **білімді меңгеру мен оны қолдануға дайын болу кәсіби құзыреттіліктерінің** қалыптасуы мен дамуына бағытталған.

Пәнді оқыту барысы:

- **әдістемелік:** оқу пәні ретіндегі математиканың ерекшелігі, оның нормативтік-құқықтық және мазмұндық-процессуалдық сипаттамасы, оқытудың мақсаты, міндеттері, мазмұны, құралдары мен формаларын қалыптастырудың негіздері, әдістемелік жүйенің әр нұсқадағы модельдері мен ҚР, жақын және алыс шетелдердегі бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың дәстүрлі және инновациялық технологияларының тұжырымдық қағидалары, оқу-танымдық әрекетті ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің, құралдары мен формаларының, технологияларының және сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда балалардың математикалық даму жұмыстарының әр түрлі формаларының ғылыми-әдістемелік негіздері жайлы;

- **мазмұндық:** оқу пәнінің математикалық нысандары (ұғымдар мен әрекет тәсілдері) жайлы, мазмұндық желілерді құрудың ұстанымдары мен оны құрайтын жүйенің ұғымдары мен әрекет тәсілдері, математиканың мазмұндық-әдістемелік желілері материалдарын оқытудың жалпы мәселелері, тұжырымдық қағидалар, ҚР, жақын және алыс шетелдердегі бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың дәстүрлі және инновациялық технологияларының мазмұны мен әдістемесінің ерекшеліктері жайлы;

- **технологиялық:** бастауыш оқытудың түрлі технологияларының мазмұны мен әдістемесінің мақсатты бағдары, тұжырымдық қағидалары мен

ерекшеліктері; математикалық білім берудің түрлі деңгейлері арасындағы перспективтік және сабақтастық байланыстарды жүзеге асырудың құралдары жайлы; кіші мектеп жасындағы оқушылардың танымдық іс-әрекетін жоспарлау, өткізу, басқару технологиялары мен білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін даму ортасын жасау, құзырлылық, функционалды сауаттылық қалыптастыруға, интеллектуалды даму және математиканың мазмұндық желілерінің сәйкес ұғымдары мен әрекет тәсілдерін оқыту технологиясына бағытталған ҚР кіші жастағы мектеп оқушыларына математиканы оқыту технологияларын негіздеу жайлы; математикалық білім берудің деңгейлері арасындағы перспективтік және сабақтастық байланыстарды жүзеге асыру технологиясы жайлы;

• **диагностикалық:** балалардың математикалық даму диагностикасының әдістері мен құралдарын, балалардың білімдік және құзыреттілік жетістіктері жайлы;

• **зерттеушілік:** педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері мен әдістемелік зерттеулер жүргізуді іріктеу жайлы;

• **рефлексиялық:** жеке тұлғаның даму динамикасын, құзырлылықты меңгеру деңгейін қадағалау үшін оқу жетістіктерін бағалау жүйелері жайлы;

• **практикалық:** бастауыш мектеп мұғалімінің қызметі, математиканың мазмұндық желілері материалдарын оқыту үдерісінің субъекті ретіндегі баланың оқу-танымдық іс-әрекетін модельдеу мен оны тәжірибеде жүзеге асыру негіздері, математика сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстарды өткізу барысы, кіші мектеп жасындағы оқушылардың танымдық әрекеттерін жоспарлау, өткізу, басқару және білім алушылардың құзырлылықтарын қалыптастыру үшін даму ортасын құру технологиялары туралы **білім, білік, дағдыларды меңгеруге қабілеттілік және оларды тәжірибеде қолдану сияқты пәндік құзыреттіліктерді** қалыптастыру мен дамытуға бағытталған.

Пәнді оқып үйрену барысында студент:

білуі тиіс:

- әдістемелік ғылымның нысанын, пәнін, міндеттері мен зерттеу әдістерін; кіші мектеп жасындағы оқушыларға математиканы оқытудың теориясы мен практикасының қазіргі жайын, тенденциясы мен даму бағыттарын; математиканы оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихын;

- құрылымдық элементтерді, бастауыш математикалық білімнің мемлекеттік стандарты мен оқу бағдарламаларының мазмұнын; құзыреттіліктерге (пәндік, коммуникативтік, ақпараттық және т.б.) қойылатын талаптарды;

- математиканың нысанын, пәнін, мақсатын, міндеттерін, бастауыш білім беру жүйесіндегі орны мен рөлін және оның бастауыш мектептегі басқа пәндермен байланысын;

- оқу пәнінің математикалық ұғымдары мен әрекет тәсілдерінің (сондай-ақ өзара байланысын) мазмұнын және әдістер, құралдар, ұйымдастыру формалары жүйесін;

- мазмұндық және мазмұндық-әдістемелік желілерін құру ұстанымдарын, олардың жүйесін құрайтын ұғымдар мен әрекет тәсілдері жүйесінің сипаттамасын, сәйкес материалдарды оқытудың жалпы мәселелерін;

- бастауыш мектеп мұғалімінің қызметін, диагностиканың әдістері мен құралдарын, оқу жетістіктері мен математикалық дамуды, балаларды оқытудың білімдік, құзыреттілік нәтижелерін бағалау жүйесін, педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістерін және әдістемелік зерттеулер жүргізуді;

- бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың дәстүрлі және инновациялық әр түрлі технологияларының тұжырымдық қағидалары, мазмұны мен әдістемесінің ерекшеліктері жайлы;

- құзыреттілік, функционалды сауаттылық, интеллектуалды даму қалыптастыруға бағытталған ҚР кіші жастағы мектеп оқушыларына математиканы оқыту технологияларын;

- балама оқулықтардың құрылымы мен мазмұнын және ОӘК құрамына енетін құралдардың қызметін.

менгеруі тиіс:

- мақсаттық бағдар, тұжырымдық қағидалар, бастауыш оқытудың әр түрлі технологияларының мазмұны мен әдістемесі жайлы білімді;

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың танымдық іс-әрекетін жоспарлау, жүзеге асыру, басқару мен білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін даму ортасын жасау технологияларын;

- математика сабағы мен сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау, өткізу және талдау технологиясы мен әдістемесін;

- пәндік және кіріктірілген құзыреттіліктерді қалыптастыруға арналған сабақта кіші жастағы мектеп оқушыларының іс-әрекетін жоспарлау мен өткізу технологиясын;

- математиканың мазмұндық-әдістемелік желілердің ұғымдары мен әрекет тәсілдерін оқыту технологиясын.

білігі болуы тиіс:

- бастауыш білім беру бойынша нормативтік-құқықтық құжаттар туралы білімді кәсіби іс-әрекетте қолдана алу;

- математикалық білім берудің деңгейлері арасындағы перспективтік және сабақтастық байланыстарды жүзеге асыру құралдарын кәсіби іс-әрекетте қолдана алу;

- мазмұндық-технологиялық желілер материалдарын оқытудың ұсынылған технологиясы бойынша сабақтарды жоспарлау және өткізу;

- математикадан сыныптан тыс жұмыстардың әр түрлерін жоспарлау және өткізе алу;

- математикалық даму, балалардың білімдік және құзыреттілік жетістіктері диагностикасын жоспарлау және өткізе алу;

- педагогикалық тәжірибені зерттеуді жоспарлай және өткізе алу, курс және диплом жұмыстары тақырыптары бойынша әдістемелік зерттеулер жүргізе алу.

Математиканы оқыту әдістемесі бойынша бастауыш мектеп мұғалімінің дайындығын қамтамасыз ететін оқу пәні, тіпті әдістемелік ғылым да ұзақ уақыт қалыптасты және дамыды. Әдістемелік ғылымның математиканы оқыту әдістемесінің теориялық негіздері мәселелерін дайындау бағытында жұмысты жалғастырып жатқан және соған сәйкес оқу пәнінде көрініс табатын жақын және алыс шетелдердің педагогтарының кешегі және бүгінгі ғылыми ізденістерінің нәтижелеріне сүйенетіні белгілі.

Ғылым ретінде Қазақстан Республикасындағы басқа да әлемдегі елдердегі сияқты бастауыш білім беру аймағындағы математика әдістемесінің қалыптасу және даму кезеңдері білім берудің барлық деңгейлері, соның ішінде бастауыш деңгейдегі де реформалаумен тығыз байланысты.

Бірінші кезең арифметика әдістемесі мәселелерін дайындаумен сипатталады. XX-ғасырдың 70-жылдарына дейін оқытылған арифметика курсы өзіне алгебра және геометрия элементтерін біріктіре отырып, бастауыш мектепке кіріктірілген «Математика» оқу пәнінің ендірілуімен байланысты. Математиканың әдістемесіне XX-ғасырдың 80-90 жылдары математиканы оқыту үдерісіне дамыта оқыту теориясының (Занков Л.В., Давыдов В.В., Эльконин Д.Б), білімнің дидактикалық бірліктерін ірілендіру теориясының (Эрдниев П.М) енгізілуіне орай елеулі өзгерістер болды. Үшінші кезең (XX ғ. 90-жылдарынан осы кезеңге дейін) қазақстандық бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты мен математикадан бастауыш мектепке арналған жаңа оқу-әдістемелік кешеннің (Оспанов Т.Қ. және т.б.) ендірілуімен және кіші мектеп жасындағы оқушыларға математиканы оқыту технологиясының оқытудың нәтижесіне және білім алушының ақыл-ойын дамытуға бағытталған жаңа, қазақстандық моделінің жасалуымен байланысты.

Төртінші кезең қазіргі таңда Т.Қ.Оспанов, Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, Ж.Қ.Астамбаева, Т.П.Кучер, т.б. балама оқу-әдістемелік кешендерінің дайындалып, бастауыш мектептер тәжірибесіне ендірілуімен байланысты. Бесінші кезең жаңартылған білім беру аясында бастауыш сыныптарға арналған жаңа ОӘК мен бағдарламалардың енгізілуімен, НЗМ-нің Жакупова Г.Ш, Орехова Н.В., Лебедева Н.В. және т.б. авторлары дайындаған базалық оқулықтың пайда болуымен байланысты.

Жоғарыда аталған әрбір кезеңде мақсаты мен міндеттерін анықтаумен, мазмұнын іріктеу және құрумен, кіші жастағы мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің сапалық және нұсқалық-бағыттылық аспектілерін тағайындаумен байланысты әдістеменің негізі болып табылатын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауда білім берудің әдістемелік мазмұны алдыңғы қатарлы идеялар мен инновациялық тұжырымдық қағидалар негізінде құрылды. Сонымен бірге, пәнді әр түрлі атаулар (арифметика әдістемесі, математика әдістемесі, математика педагогикасы, математиканы оқыту әдістемесі, математиканы оқыту теориясы мен технологиясы, математика әдістері) арқылы оқыту барысында алдымен арифметиканы, содан соң математиканы оқыту әдістері әдістеменің теориялық негіздерін оқыту

әдістемесі және бастауыш мектеп математикасының ұғымдары мен әрекет тәсілдері жүйесін оқыту технологиясын қамтитын әлемдік білім кеңістігіндегідей негізгі мектептік идеялардың тікелей әсер етуі негізінде жүзеге асты.

Әдістемелік ғылымның негіздерінің даму болашағы қазіргі таңда, жаңа мемлекеттік стандарт ендіру, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз ету көзделіп отырған 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу мен кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриаттың халықаралық білім бағдарламаларын ендіру стандарттау және технологияландыру көзделген біршама өзгерген жағдайда жұмыс жасауға дайын, бәсекеге қабілетті жаңа формация педагогын дайындаумен байланысты.

Негізгі бөлім

«Математиканы оқыту әдістемесі» пәнінің мазмұны төрт бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде математиканы оқыту ғылым және оқу пәні ретінде қарастырылады, ол өз кезегінде студенттерге ғылымның нысанын, пәнін, мақсатын, міндеттері мен әдістерін, бастауыш мектеп мұғалімдерін дайындаудағы оның орны мен қызметін, оқу пәнін оқытып-үйретудің мақсаттылығын сезінуге мүмкіндік береді.

1. «Математиканы оқыту әдістемесі»- ғылым және оқу пәні

1.1 «Математиканы оқыту әдістемесі»– бастауыш мектептегі математика әдістемесінің негіздері жайлы ғылым.

Педагогикалық ғылым саласы ретінде математиканы оқыту әдістемесінің нысаны, пәні, зерттеу әдістері мен оның философия және логикамен, педагогика және психологиямен, математикамен және т.б. байланысы. Кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытудың теориясы мен тәжірибесінің қазіргі жағдайы, даму болашағы. Алыс және жақын шетелдердегі математиканы оқытудың әдістемелік жүйесінің әр түрлі модельдері. Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесінің қалыптасу және даму тарихы.

1.2 «Математиканы оқыту әдістемесі» – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде математиканы оқыту әдістемесінің ғылыми негіздері жайлы теориялық білім қалыптастыратын оқу пәні.

Пәннің нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері, әдістері мен мазмұны. Пәнді оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негіздері, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік іс-әрекетке дайындаудың әр түрлі формалары. Оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар, диагностикалау, бақылау және бағалау әдістері.

Екінші бөлімі бағдарлы-мотивациялық қызмет атқарады, мұнда студенттер бастауыш сынып оқушыларының қу іс-әрекетін ұйымдастырудың нормативті-құқықтық және мазмұндық-процессуалдық сипаттамасымен танысады.

2. Бастауыш мектептегі математиканың ғылыми-әдістемелік негізі ретіндегі пәннің сипаттамасы

2.1 Оқу пәні ретіндегі математиканың нормативтік-құқықтық сипаттамасы.

Курстың нысаны мен пәні, мақсаты мен міндеттері, бастауыш білім беру жүйесіндегі орны мен рөлі, бастауыш мектептің басқа пәндерімен байланысы. Бастауыш математикалық білім берудің мемлекеттік стандарты мен оқу бағдарламасы. Мектепалды дайындық пен бастауыш мектептен кейінгі сыныптардың математика бағдарламалары. Кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытудағы бағыттылық пен сабақтастық.

2.2 Оқу пәні ретіндегі математиканың ретіндегі нормативтік-процессуалдық сипаттамасы.

Бастауыш математикалық білімнің базалық мазмұны. Математиканы оқытудың сыныптар, циклдер мен деңгейлер бойынша кіші жастағы оқушылардың құзыреттілігіне (пәндік, коммуникативтік, ақпараттық, проблеманы шешу) қойылатын талаптар. Пәнішіндік байланыс негізінде оқытудың мазмұнын интеграциялау ұстанымы – бастауыш мектеп математикасының мазмұндық желілерін құрудың әдістемелік негізі. Бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың әдістері, құралдары мен ұйымдастыру формаларының жүйесі. Математикадан оқу-әдістемелік кешен және оның құрамына енетін әр құралдың мәні, қызметі, ерекшеліктері. Математикадан оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесі. Математиканы оқыту нәтижелерін диагностикалаудың, тексеру мен бақылаудың түрлері.

2.3. Ұғымдар мен әрекет тәсілдері жүйесінің сипаттамасы және мазмұндық-әдістемелік желілері материалдарын оқытудың жалпы мәселелері.

«Сандар мен өлшемдер», «Алгебра элементтері», «Геометрия элементтері», «Жиын. Логика элементтері», «Математикалық модельдеу» сияқты оқу пәнінің мазмұндық-әдістемелік желілерінің: ұғымдары мен әрекет тәсілдері жүйесін оқытудың реті мен сипаттамасы.

Оқытудың мақсаты, міндеттері мен нысандарының, оқытудың білімдік (пәндік білім, білік және дағдылар) мен құзыреттілік (коммуникациялық, ақпараттық, математикалық және функционалдық сауаттылық, интеллектуалды қабілеттілік) нәтижелеріне қойылатын талаптарының; әр мазмұндық-әдістемелік желінің материалдары бойынша тапсырмалар іріктеу және сабақтардың үзінділерін дайындаудың сипаттамасы. Әр мазмұндық-әдістемелік желінің ұғымдары мен әрекет тәсілдерін оқытып-үйретуде кіріктірілген және пәндік құзыреттілік қалыптастыруға түрлі әдістемелік түрғыдан қарау.

Үшінші бөлімде кіші мектеп жасындағы оқушыларға математиканы оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негізі: оқу-танымдық әрекетті ұйымдастырудың тәсілдері мен әдістері, құралдары мен формалары, технологиясы мен математика сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарда балалардың математикалық даму жұмыстарының әр түрлі формалары оқытылып-үйретіледі. Бұл болашақ бастауыш мектеп

мұғалімдерінде сабақтарда оқыту мен математикадан сыныптан тыс жұмыс үдерісін ұйымдастырумен байланысты дидактикалық біліктер қалыптастыруға септігін тигізеді.

3. Бастауыш сыныптарда математиканы оқытуды ұйымдастыру

3.1. Оқу пәнін оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негіздері. Математиканы оқытудың әдістемелік негіздері мен кіші жастағы оқушылардың дамуы. Математиканы оқыту үдерісіне қатысушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру үшін ұсынылатын қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Кіші жастағы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің модельдерін дайындау, жобалау, өткізу және талдау бойынша мұғалімнің еңбегін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру.

3.2. Сабақ – математиканы оқыту үдерісін ұйымдастырудың негізгі формасы. Қазіргі заман математика сабағының типтері мен түрлері. Мақсаты мен міндеттерінің кешенділігі, құрылымы мен мазмұнының көпнұсқалылығы, осыларға барабар әдістері, оқыту құралдары мен оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың формалары, сабақтың оқу-тәрбие мезеттерінің өзара байланысы. Үй тапсырмасының түрлері мен мазмұны, жұмыстың көлемі мен оны орындаудың нұсқауы. Рефлексия: өзін-өзі тексерудің және математиканы оқытудың нәтижелерін өзін-өзі бағалауының әдістері, тәсілдері. Қазіргі заман сабағына және математика сабағын талдауға қойылатын талаптар.

3.3. Пәндік және кіріктірілген құзыреттіліктерді қалыптастыру бойынша кіші мектеп жасындағы оқушылардың іс-әрекетін жоспарлау мен өткізу технологиясы. Оқушылардың ұжымдық-үлестірімділік және өзіндік оқу-танымдық, шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқару технологиясы. Жаңа ұғым және әрекет тәсілін оқытып-үйретуге дайындық кезінде; жаңа ұғым және әрекет тәсілімен таныстыру барысында; білім, білік, дағдыларды бекіту және оқыту нәтижелерін тексеру кезінде пәндік және кіріктірілген құзыреттіліктерді қалыптастыруда оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиясы. Сабақта түсініктер мен ұғымдар, терминдер мен деректер, әрекет тәсілдері жайындағы білімді (түсініктер мен ұғымдар, терминдер мен мәліметтер, әрекет тәсілдері) игеру; білік пен дағды (есептеу, алгоритмдік, өлшеу, геометриялық салулар орындау, есептерді шығару) қалыптастыру; ақыл-ой әрекеті (салыстыру, талдау, жинақтау, жіктемеу, жалпылау және т.б.) тәсілдеріне машықтандыру бойынша оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру.

3.4. Математикадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру технологиясы. Сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты, міндеттері, қызметі, түрлері, олардың ерекшеліктері мен математика сабақтарымен өзара байланысы. Балалардың жас, жеке-дара ерекшеліктерін, қабілеттері мен дайындық деңгейлерін ескеру. Конкурстың және олимпиаданың есептерін шығару, стандартты емес және қызықты тапсырмаларды орындау барысында, бастауыш сыныптардағы қызығушылықтарына орай курсты таңдап алуға және математиканы тереңдетіп оқытуда оқушылардың өзіндік шығармашылық іс-әрекетіне сыныптан тыс жұмыстарда басшылық жасау.

Төртінші бөлімі бастауыш мектеп математикасының мазмұндық-әдістемелік желілерінің әрқайсысы бойынша ұғымдар мен әрекет тәсілдерін оқытудың процессуалдық аспектілерін нақтылауға арналады. Бұл математика пәнінің ерекшелігін ескере отырып, студенттердің кәсіби біліктері мен дағдыларын игеруге себепші болатын теориялық білімді әр түрлі жағдаяттарда қолдана алудың практикалық біліктеріне машықтандыруға мүмкіндік туғызады.

4. Математиканың мазмұндық-әдістемелік желілерінің ұғымдары мен әрекет тәсілдерін оқытудың технологиясы

4.1. «Сандар және өлшемдер» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.

4.1.1. Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер.

Желінің нысандары: сан және цифр; санның есептік және реттік сипаттамасы, ондық санау жүйесі, бір таңбалы сандар, ондықтар, екі, үш және көп таңбалы сандар; үлестер, жай бөлшектер, ондық бөлшектер, процент, дұрыс және бұрыс бөлшектер, аралас сандар.

Концентрлер бойынша сандарды оқыту және сандарды оқу, жазу, салыстыру мен жіктеу (разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде) құзыреттіліктерін қалыптастыру технологиясы. Үлес және бөлшектерді оқыту технологиясы.

4.1.2. Сандармен амалдар орындау.

Желінің нысандары: амалдардың мән-мағынасы; математикалық символика; арифметикалық амалдардың компоненттері мен нәтижелері; өзара кері амалдар; қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері; көбейтудің үлестірімділік қасиеті; 0 мен 1-дің қасиеттері; «ерекше» (нөл және бірмен байланысты), кестелік және кестеден тыс жағдайлардағы ауызша есептеу тәсілдері; арифметикалық амалдар алгоритмі, бөлшектермен орындалатын амалдар.

Амалдарды және олардың қасиеттерін, натурал сандар мен бөлшектерге амалдар қолдану тәсілдерін кезеңдер бойынша оқыту технологиясы.

4.1.3. Шамалар және өлшем бірліктер

Желінің нысандары: ұзындық, масса, сыйымдылық, уақыт, аудан, көлем, монеталар мен купюралар; шамалардың өлшем бірліктері мен арақатынасы; сан шаманы өлшеудің нәтижесі ретінде, шамалар мәніне амалдар қолдану; шаманың үлесі және оларды салыстыру; шамалардың өзара байланысы және тәуелділік. Шамалар мен оларды өлшеуді кезеңдер бойынша оқыту және қарапайым шамалар мен олардың бірліктері жайлы түсініктерді пайдалану құзыреттіліктерін қалыптастыру, шамалардың мәндеріне (қысқаша шамаларға) амалдар қолдану технологиясы.

4.2. «Алгебра элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.

Желінің нысандары: санды теңдік және санды теңсіздік; санды өрнек, өрнектің мәні, өрнектердегі амалдарды орындаудың рет тәртібі, әрпі бар өрнек, амал қасиеттерін әріпті теңдік түрінде жазу, формулалар, өрнектерді қарапайым теңбе-тең түрлендірулер, теңдеулер және оларды шешу тәсілдері; есепті алгебралық тәсілмен шешу.

Өрнектерді оқу, жазу және мәнін табу, қарапайым және құрылымы күрделірек теңдеулерді шешу, есепті теңдеу құру арқылы шешу ерекшеліктерін түсіну құзыреттіліктерін қалыптастыратын алгебра элементтерін кезеңдер бойынша оқыту технологиясы.

4.3. «Геометрия элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.

Желінің нысандары: геометриялық фигуралар (қарапайым жазық және кеңістіктік геометриялық фигуралар) және оларды жіктемеу, фигуралардың элементтері, қасиеттері мен белгіленуі; геометриялық фигураларды кескіндеу және салу; геометриялық мазмұнды есептер, геометриялық шамалар (фигураның периметрі, ауданы мен көлемі) және көпбұрыштардың периметрлерін, тік төртбұрыштың (шаршының) ауданын, тік бұрышты параллелепипедтің (текшенің) көлемін есептеп табу; бұрыштың градустық өлшемі, бұрыштың шамасын табу; координата нүктелері мен қозғалыс бағыты.

Геометриялық фигураларды ажырату, қарапайым салуларды орындау, геометриялық шамаларды өлшеу және геометриялық фигуралардың периметрін, ауданын және көлемін есептеп табу пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыратын геометрия элементтерін кезеңдер бойынша оқыту технологиясы.

4.4. «Жиын. Логика элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.

Желінің нысандары: жиындар және олармен орындалатын амалдар, пікірлер, тізбектер, нысандардың комбинациялары.

Жиындар, пікірлер құру, заңдылықтар мен тізбектер құру және анықтау, жиын объектілерімен амалдар орындау, басқатырғыштар мен есептерді шығару кезінде логикалық пайымдаулар құру пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыратын логика мен жиындар элементтерін кезеңдер бойынша оқыту технологиясы.

4.5. «Математикалық модельдеу» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.

4.5.1. Есептер және математикалық модель.

Желінің нысандары: «есеп» ұғымы; жай (әр амалдың мән-мағынасын ашуға, айырмалық және еселік салыстыруға, шамалар арасындағы байланыстар мен тәуелділікке негізделген, «үлес», «бөлшектер», «процент» ұғымдарымен және пропорционал шамалармен байланысты) есептер; кері есептер; құрама есептер; геометриялық мазмұнды есептер; шығармашылық әрекетпен байланысты тапсырмалар, есепті арифметикалық, алгебралық, графикалық және практикалық тәсілмен шешу.

Проблеманы модельдеу мен оны шешу құзыреттілігі ретіндегі есепті шешу біліктерін қалыптастыру бойынша түрлі көзқарастар мен тәсілдерге бағытталған есепті шығаруға үйрету технологиясы.

4.5.2 Математикалық тіл.

Желінің нысандары: математикалық символика және мазмұндық-әдістемелік желі терминологиясы: сандар және өлшемдер, алгебра элементтері, геометрия элементтері, жиындар, логика элементтері, есептер және математикалық модель.

Сандар және өлшемдер, алгебра элементтері, геометрия элементтері, жиындар, логика элементтері, есептер және математикалық модель сияқты мазмұндық-әдістемелік желілерді оқыту барысында математикалық тілді (терминдерді, символдарды) қолдану пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру технологиясы.

Зертханалық сабақтардың үлгі тақырыптары:

1. Бастауыш математикалық білімнің мемлекеттік стандартын талдау. Оқу бағдарламасына, бастауыш сынып оқушыларының білім, білік, дағдылары мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды талдау.

2. Кіші мектеп жасындағы оқушыларға математиканы оқытудағы перспективтік және сабақтастық байланыстарды талдау.

3. Бастауыш математикалық білімнің базалық мазмұнына, математиканы оқытудың сыныптар, циклдер мен деңгейлер бойынша кіші жастағы оқушылардың құзыреттілігіне қойылатын талаптарды талдау.

4. Бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың әдістері, құралдары мен ұйымдастыру формалары жүйесіне сипаттама.

5. Математикадан оқу-әдістемелік кешенге талдау жасау. Математикадан баламалы ОӘК және олардың ерекшеліктерін талдау.

6. Математикадан оқу нәтижелерін бағалау жүйесі. Математиканы оқыту нәтижелерін диагностикалау, тексеру мен бақылау түрлері.

7. «Сандар және өлшемдер» мазмұндық желісін құру ұстанымдары, оны құрайтын ұғымдар мен әрекет тәсілдерінің сипаттамасы.

8. «Алгебра элементтері» мазмұндық желісін құру ұстанымдары, оны құрайтын ұғымдар мен әрекет тәсілдерінің сипаттамасы.

9. «Геометрия элементтері» мазмұндық желісін құру ұстанымдары, оны құрайтын ұғымдар мен әрекет тәсілдерінің сипаттамасы.

10. «Жиын. Логика элементтері» мазмұндық желісін құру ұстанымдары, оны құрайтын ұғымдар мен әрекет тәсілдерінің сипаттамасы.

11. «Математикалық модельдеу» мазмұндық желісін құру ұстанымдары, оны құрайтын ұғымдар мен әрекет тәсілдерінің сипаттамасы.

12. Математиканы оқытудың негізгі формасы – сабақты жоспарлау және ұйымдастырудың ғылыми негіздері. Сабақтың түрлері, олардың кезеңдері мен бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың түрлі технологияларын құру логикасы.

13. Бастауыш сыныптардағы математиканың ұзақ, орта мерзімді жоспарлары, сабақтың қысқа мерзімді жоспары және технологиялық картасы, сабақты талдау және талқылау.

14. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың іс-әрекетін жоспарлау мен жүзеге асырудың технологиясы.

15. Математикадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу технологиясы.

16. «Сандар мен өлшемдер» тақырыбының мазмұндық-әдістемелік желілері материалдарын оқыту технологиясы.

17. «Алгебра элементтері» тақырыбының мазмұндық-әдістемелік желілері материалдарын оқыту технологиясы.

18. «Геометрия элементтері» тақырыбының мазмұндық-әдістемелік желілері материалдарын оқыту технологиясы.

19. «Жиын. Логика элементтері» тақырыбының мазмұндық-әдістемелік желілері материалдарын оқыту технологиясы.

20. «Математикалық модельдеу» тақырыбының мазмұндық-әдістемелік желілері материалдарын оқыту технологиясы.

СОӨЖ –ның үлгі тақырыптары:

1. Математиканы оқытудың сыныптар, циклдер мен деңгейлер бойынша кіші жастағы оқушылардың құзыреттілігіне қойылатын талаптарды талдау.

2. Мектепалды даялық тобы мен орта деңгейдегі математиканы оқыту бойынша балалардың білім, білік, дағдыларына және құзыреттілігіне қойылатын бағдарламалық талаптарды талдау.

3. Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістері, құралдары мен ұйымдастыру формалары жүйесін талдау.

4. Математикадан ОӘК құрамына енетін әрбір құралдың мәні, қызметі, ерекшеліктері.

5. Математиканы оқыту нәтижелерін диагностикалаудың, тексеру мен бақылаудың түрлері мен межесі.

6. «Сандар және өлшемдер» мазмұндық желілеріне логикалық-дидактикалық талдау жасау.

7. «Алгебра элементтері» мазмұндық желілеріне логикалық-дидактикалық талдау жасау.

8. «Геометрия элементтері» мазмұндық желілеріне логикалық-дидактикалық талдау жасау.

9. «Жиын. Логика элементтері» мазмұндық желілеріне логикалық-дидактикалық талдау жасау.

10. «Математикалық модельдеу» мазмұндық желілеріне логикалық-дидактикалық талдау жасау.

11. Математиканы оқытуға бейімдеу кезеңінде балалардың іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру технологиясы.

12. Оқушылардың сабақтағы іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру технологиясы.

13. «Сандар және өлшемдер» желісін оқытып-үйрету барысында оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру технологиясы. Сабақ үзінділерін дайындау, өткізу және талдау.

14. «Жиын. Логика элементтері» желісін оқытып-үйрету барысында оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру технологиясы. Сабақ үзінділерін дайындау, өткізу және талдау.

15. «Математикалық модельдеу» желісін оқытып-үйрету барысында оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру технологиясы. Сабақ үзінділерін дайындау, өткізу және талдау.

16. Алгебра элементтерін оқытып-үйрету барысында оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру технологиясы. Сабақ үзінділерін дайындау, өткізу және талдау.

17. Геометрия элементтерін оқытып-үйрету барысында оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру технологиясы. Сабақ үзінділерін дайындау, өткізу және талдау.

СӨЖ –ның үлгі тақырыптары:

16. Бастауыш мектептегі математиканы оқыту әдістемесінің дамуына әсер еткен қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық зерттеулер.

17. Бастауыш математика курсының мазмұны («Бастауыш мектеп математикасының негізгі мазмұндық-әдістемелік желілері» кестесін талдау).

18. Мектепалды даярлық тобы мен бастауыш сыныптарда математиканы оқыту бағдарламаларын салыстыру, мектептік метаматикалық білім берудегі олардың орнына талдау жасау.

19. Бастауыштан кейінгі сыныптардағы математиканың бағдарламаларын және олардың мектептік математикалық білім берудегі орнын талдау.

20. Математиканы оқыту нәтижелерін бақылау мен диагностикалау межелері мен талаптарына талдау жасау.

21. «Сандар және өлшемдер (нумерация)» мазмұндық желілерін оқытуға арналған тапсырмаларды іріктеу және сабақ үзінділерін дайындау.

22. «Сандар және өлшемдер (шамалар және олардың өлшем бірліктері)» мазмұндық желілерін оқытуға арналған тапсырмаларды іріктеу және сабақ үзінділерін дайындау.

23. «Сандар және өлшемдер (арифметикалық амалдар және олардың қасиеттері)» мазмұндық желілерін оқытуға арналған тапсырмаларды іріктеу және сабақ үзінділерін дайындау.

24. «Сандар және өлшемдер (есептеу тәсілдері)» мазмұндық желілерін оқытуға арналған тапсырмаларды іріктеу және сабақ үзінділерін дайындау.

25. «Математикалық модельдеу (есеп және оны шешу үдерісі)» мазмұндық желілерін оқытуға арналған тапсырмаларды іріктеу және сабақ үзінділерін дайындау.

26. «Математикалық модельдеу (математикалық тіл)» мазмұндық желілерін оқытуға арналған тапсырмаларды іріктеу және сабақ үзінділерін дайындау.

27. «Жиын. Логика элементтері» мазмұндық желілерін оқытуға арналған тапсырмаларды іріктеу және сабақ үзінділерін дайындау.

28. «Алгебра элементтері» мазмұндық желілерін оқытуға арналған тапсырмаларды іріктеу және сабақ үзінділерін дайындау.

29. «Геометрия элементтері» мазмұндық желілерін оқытуға арналған тапсырмаларды іріктеу және сабақ үзінділерін дайындау.

30. Математиканың дамыта оқыту, тұлғалық-әрекеттік, проблемалық-диалогтық технологиясындағы сабақтың қысқа мерзімді жоспарының технологиялық картасы.

31. Математиканы оқытудағы орта мерзімді жоспар. Математиканы оқыту барысы мен үдерісін талқылау. Lessonstudy.

32. Тақырыптар бойынша дидактикалық ойындар мен көрнекі материалдарды іріктеу.

33. Тақырыптар бойынша жиынтық бағалауға арналған тест тапсырмаларын дайындау.

34. Тақырыптар бойынша қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар құрастыру, бағалау критерийлері мен дискрипторлар анықтау.

35. Жай және құрама есептер іріктеу.

36. Сыныптан тыс жұмыстың бір түрінің сценарийін дайындау, өткізу және талдау.

1-аралық бақылаудың сұрақтары

1. Педагогикалық ғылым саласы ретінде математиканы оқыту әдістемесінің нысаны, пәні, зерттеу әдістері мен оның философия және логикамен, педагогика және психологиямен, математикамен және т.б. байланысы.

2. Оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар, диагностикалау, бақылау және бағалау әдістері.

3. Курстың нысаны мен пәні, мақсаты мен міндеттері, бастауыш білім беру жүйесіндегі орны мен рөлі, бастауыш мектептің басқа пәндерімен байланысы.

4. Бастауыш математикалық білім берудің мемлекеттік стандарты мен оқу бағдарламасы.

5. Мектепалды дайындық пен бастауыш мектептен кейінгі сыныптардың математика бағдарламалары.

6. Кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытудағы бағыттылық пен сабақтастық.

7. Бастауыш математикалық білімнің базалық мазмұны. кіші жастағы оқушылардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар.

8. Бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың әдістері, құралдары мен ұйымдастыру формаларының жүйесі.

9. Математикадан оқу-әдістемелік кешен және оның құрамына енетін әр құралдың мәні, қызметі, ерекшеліктері.

10. Математикадан оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесі. Математиканы оқыту нәтижелерін диагностикалаудың, тексеру мен бақылаудың түрлері.

11. Құзыреттілікті және функционалдық сауаттылық, интеллектуалды қабілеттілік сияқты нәтижеге бағытталған ҚР кіші мектеп жасындағы оқушыларға математиканы технологиясының сипаттамасы.

12. Кіші жастағы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің модельдерін дайындау, жобалау, өткізу және талдау бойынша мұғалімнің еңбегін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру.

13. Қазіргі заман математика сабағының типтері мен түрлері. Мақсаты мен міндеттерінің кешенділігі, құрылымы мен мазмұнының көпнұсқалылығы, осыларға барабар әдістері, оқыту құралдары мен оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың формалары, сабақтың оқу-тәрбие мезеттерінің өзара байланысы.

14. Үй тапсырмасының түрлері мен мазмұны, жұмыстың көлемі мен оны орындаудың нұсқауы.

15. Рефлексия: өзін-өзі тексерудің және математиканы оқытудың нәтижелерін өзін-өзі бағалауының әдістері, тәсілдері.

16. Математика сабағы, кіші мектеп жасындағы оқушылардың сабақтағы іс-әрекетін жоспарлау және жүзеге асыру, сабақты талдау.

17. Оқушылардың ұжымдық-үлестірімділік, топтық және өзіндік оқу-танымдық, шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқару технологиясы.

18. Құзыреттіліктерді қалыптастыру бойынша математика сабағында оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру технологиясы.

19. Математикадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру технологиясы.

20. Бастауыш мектеп математикасының мазмұндық желілері: «Сандар мен өлшемдер», «Алгебра элементтері», «Геометрия элементтері», «Жиын. Логика элементтері». «Математикалық модельдеу» жүйесін құрайтын ұғымдар мен әрекет тәсілдері мазмұнына сипаттама.

21. Ұғымдар мен әрекет тәсілдері жүйесін оқытудың жалпы әдістемесі.

22. Оқу пәнінің «Сандар және өлшемдер» мазмұндық-әдістемелік желі ұғымдары мен әрекет тәсілдері жүйесін оқытудың сипаттамасы мен реті.

23. Оқу пәнінің «Алгебра элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі ұғымдары мен әрекет тәсілдері жүйесін оқытудың сипаттамасы мен реті.

24. Оқу пәнінің «Геометрия элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі ұғымдары мен әрекет тәсілдері жүйесін оқытудың сипаттамасы мен реті.

25. Оқу пәнінің «Жиын. Логика элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі ұғымдары мен әрекет тәсілдері жүйесін оқытудың сипаттамасы мен реті.

26. Оқу пәнінің «Математикалық модельдеу» мазмұндық-әдістемелік желі ұғымдары мен әрекет тәсілдері жүйесін оқытудың сипаттамасы мен реті.

27. Жаттығулар, иллюстрациялар, көрнекі құралдар жүйесі.

28. Әр мазмұндық-әдістемелік желі материалдары бойынша тапсырмалар іріктеу және сабақ үзінділерін дайындау.

2-аралық бақылаудың сұрақтары

1. «Сандар және өлшемдер» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: сандарды концентрлер бойынша оқыту.

2. «Сандар және өлшемдер» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері; көбейтудің үлестірімділік қасиеті; 0 мен 1-дің қасиеттері.

3. «Сандар және өлшемдер» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: «ерекше» (нөл және бірмен байланысты), кестелік және кестеден тыс жағдайлардағы ауызша есептеу тәсілдері.

4. «Сандар және өлшемдер» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: жазбаша арифметикалық амалдар алгоритмі.

5. «Сандар және өлшемдер» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: ұзындық, масса, сыйымдылық, уақыт, аудан, көлем, монеталар мен купюралар; шамалардың өлшем бірліктері мен арақатынасы; сан шаманы өлшеудің нәтижесі ретінде, шамалар мәніне амалдар қолдану;

6. «Сандар және өлшемдер» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: шаманың үлесі және оларды салыстыру; шамалардың өзара байланысы және тәуелділік, бөлшектер.

7. Сандарға амалдар қолдану тәсілдерін кезеңдер бойынша оқыту және есептеулер орындау пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру технологиясы.

8. «Алгебра элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: санды теңдік және санды теңсіздік; санды өрнек, өрнектің мәні, өрнектердегі амалдарды орындаудың рет тәртібі, әрпі бар өрнек, өрнектерді қарапайым теңбе-тең түрлендірулер, теңдеулер және оларды шешу тәсілдері.

9. «Алгебра элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: есепті алгебралық тәсілмен шешу.

10. «Геометрия элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: қарапайым геометриялық фигуралар, олардың қасиеттері мен белгіленуі; қарапайым геометриялық салулар; геометриялық мазмұнды есептер.

11. «Геометрия элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: геометриялық шамалар (фигураның периметрі, ауданы мен көлемі) және көпбұрыштардың периметрлерін, тік төртбұрыштың (шаршының) ауданын, тік бұрышты параллелепипедтің (текшенің) көлемін есептеп табу.

12. «Математикалық модельдеу» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: амалдардың мән-мағынасы; математикалық символика; арифметикалық амалдардың компоненттері мен нәтижелері; өзара кері амалдар.

13. «Математикалық модельдеу» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: «есеп» ұғымы; жай (әр амалдың мән-мағынасын ашуға, айырмалық және еселік салыстыруға, шамалар арасындағы

байланыстар мен тәуелділікке негізделген, «үлес» ұғымымен және пропорционал шамалармен байланысты) есептер; кері есептер;

14. «Математикалық модельдеу» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: жай есептер.

15. «Математикалық модельдеу» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: құрама есептер.

16. «Математикалық модельдеу» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: геометриялық мазмұнды есептер; шығармашылық әрекетпен байланысты тапсырмалар.

17. «Математикалық модельдеу» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: есепті арифметикалық, алгебралық, графикалық және практикалық тәсілмен шешу.

18. «Жиын. Логика элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы: жиындар, логика элементтері, жиындар және олармен орындалатын амалдар, пікірлер, тізбектер, нысандар комбинациялары.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім). – Астана, 2010.

2. Жалпы білім беретін мектептің 1-4 сыныптарына арналған «Математика» оқу бағдарламасы – Астана, 2013. –18 б.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты;

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген «Математика-1-4-сыныптар» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламалары;

6. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен бекітілген «Математика-1-4-сыныптар» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламалары;

7. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;

8. «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту

Әдістемелік-нұсқаулық хат|2016-2017 оқу жылы М 6 туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 8 қаңтардағы №13 бұйрығымен бекітілген 1-4-сыныптарға арналған математикадан оқу басылымдары;

9. Оспанов Т.Қ., Кочеткова О.В., Астамбаева Ж.Қ. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі. 1-4-сыныптар. – Алматы, «Атамұра», 2005.

10. Т.Қ.Оспанов, Ш.Х.Құрманалина, С.Қ.Құрманалина. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. – Астана, «Фолиант», 2007.

11. Ақпаева А.Б., Лебедева Л.А. Методика обучения математики младших школьников. – Алматы, 2008.

12. Ақпаева А.Б. Практические и лабораторные занятия по методике преподавания математике в начальной школе.– Алматы: АГУ им. Абая, 2003.

13. Астамбаева Ж.Қ. Математиканы оқыту әдістемесі: оқу-әдістемелік құрал. – Астана, «Дарын», 2016.

14. 1-4-сыныптарға арналған математикадан ОӘК. – Алматы: «Атамұра», «Алматыкітап» баспалары. 2010-2016.

Қосымша әдебиеттер

1. Белошистая А.В. Справочник для учителей и родителей 1-4. – М.: ООО «Издательство АСТ», 2004.

2. Шадрин И.В. Обучение математике в начальных классах.–М.: Школьная Пресса, 2003.

3. Демидова Т.Е., Чижевская Л.И. Методика обучения математике в начальных классах. Курс лекций: вопросы частной методики.–Брянск, 2001.

4. Истомина Н.Б. Методика обучения математике в начальной школе. – Смоленск, «Ассоциация XXI век», 2005.

5. Демидова Т.Е., Тонких А.П. Теория и практика решения текстовых задач. Учебное пособие для студентов Вузов, обучающихся по специальности ПМНО. – М.: 2002 .

Авторлары:

Оспанов Т.Қ. – п. ғ.к., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

Ақпаева А.Б. – п. ғ. к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ

Лебедева Л.А.– п. ғ. к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ

Астамбаева Ж.Қ. – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Абай атындағы ҚазҰПУ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

KZKTN 1302 Қазіргі заманғы қазақ тілінің негіздері

5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

2 кредит

Алматы, 2016

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Жұмабаева Ә.Е. – п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Абдирасилова Г. – ф. ғ. к. доцент, Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау керек» – деп атап көрсетілген. Осы міндетке орай өзгермелі дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, жеке тұлғаны қалыптастыру маңызды болып отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асыру жоғары кәсіптік білім беру үдерісінде жүзеге асырылады. Әсіресе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға қойылатын талаптар арта түсуде. Мұның өзі бастауыш сыныптан бастап шетел тілін, информатиканы оқыту және білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды пайдалану тәрізді талаптардан туындап отырғаны белгілі. Осы талаптарды жүзеге асыруда «Қазіргі қазақ тілі негіздері» пәнінің өзіндік орны бар. Себебі оқушылардың ойлау дағдысын, жоғары интеллектуалдық ой-өрісін қалыптастырудың бірден-бір алғышарттары болып табылатын – қатысымдық (коммуникативтік), танымдық, адамгершілік, эстетикалық дағдыларды оқушылар тікелей тілді оқып-үйрену үдерісінде игереді. Осының өзі бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндер жүйесінде қазақ тілінің жетекшілік рөл атқаратынын көрсетіп, мұғалімнен тілден берілетін теориялық білімді жетік меңгеруді талап етеді. Нақты айтқанда, мұғалім тілдік білімді, ауызша және жазбаша әдеби тіл нормаларын жете меңгерсе ғана, жоғарыда аталған міндеттерді іске асыра алады.

«Қазіргі қазақ тілі негіздері» пәні арнайы пәндер модуліндегі міндетті компонентке жатады. Бұл пән «Философия», «Жалпы психология», «Математика» пәндерімен тығыз байланыста оқытылады. Философиямен методологиялық жағынан және тілді бір-біріне бағынышты элементтердің біртұтас жүйесі ретінде танытуы тұрғысынан байланысса, психологиямен байланысы психикалық құбылыстардың сөйлеу үдерісіне және оны қабылдап түсінуге қатысынан көрінеді. Сонымен қатар сөздің семантикалық жақтарына, сөз мағынасының ауысуына қатысты құбылыстар да психикалық құбылыстармен астарласып жатады. Мысалы, метафора, метонимия, синекдоха тәсілдері арқылы сөз мағынасының ауысуы ассоциация деп аталатын психикалық құбылысқа негізделеді. Ал студенттердің математикадан алған білімдері сан атауларын пайдалануда, сөз мағыналарын түсіндіру барысында өлшемдік ұғымдарды пайдалануда және заттарды пішініне, өлшеміне қарай салыстыруда қолданылады.

Студенттердің «Қазіргі қазақ тілі негіздері» пәнінен алған білімдері «Сауат ашу әдістемесі», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» «Әдебиеттік оқыту әдістемесі», «Мәтінді тілдік талдау әдістемесі» пәндерін оқыту барысында ескеріледі. Тілдің дыбыстық жүйесінен алған білімдері сауат ашудың

дыбыстық талдау-жинақтау әдісін меңгертуде, ал тілдің грамматикалық құрылымы мен жүйесі жайлы білімдері қазақ тілін оқыту әдістемесін жеке-жеке тақырыптар (зат есім, етістік, сөйлем түрлері, т.б.) бойынша танытуда пайдаланылады.

«Қазіргі қазақ тілі негіздері» пәнін оқу негізінде студент:

- тіл дыбыстарын және олардың түрлерін;
- тіл дыбыстарының жасалу жолын, дыбыстардың үндесу заңдылықтарын;
- орфоэпиялық және орфографиялық ерекшеліктерді;
- буын түрлері мен тасымалдау жолдарын;
- сөз мағынасының түрлерін және оларды оқу-тәрбие үдерісінде дұрыс пайдалануды;
- сөз таптарын және олардың түрлену жүйесін;
- сөз тіркесінің байланысу тәсілдерін және сөз тіркесінің түрлерін;
- сөйлем (жай және құрмалас сөйлем) түрлерін;
- сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін;
- тыныс белгілерінің түрлерін және олардың қойылатын орындарын білуі керек;
- дыбыс түрлерін айыруды, дыбыстардың артикуляциялық орнын анықтауды;
- дыбыс үндестігінің болу себептерін айқындауды;
- сөздерді дұрыс тасымалдауды;
- сөз мағыналарын ажыратуды;
- синонимдік қатар құрауды;
- жалаң және күрделі сөз түрлерін ажыратуды;
- сөз таптарын ажыратып, олардың ерекшеліктерін көрсетуді;
- сөйлемдегі сөздердің грамматикалық байланысын анықтауды;
- сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшелеріне талдауды және сөйлем түрлеріне ажыратуды;
- тыныс белгілерін дұрыс қоюды;
- мәдени және коммуникативтік құзіреттілікті *меңгеруі керек.*

Пәннің пререквизиттері

Аталған курсты оқып-үйрену үшін студенттің қазақ тілі курсынан мектеп бағдарламасы деңгейінде жеткілікті білімі болуы қажет етіледі.

Пәннің постреквизиттері

«Қазіргі қазақ тілі негіздері» пәні лингвоәдістемелік циклдегі «Сауат ашу әдістемесі», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» «Әдебиеттік оқуды оқыту әдістемесі», «Балалар әдебиеті» тәрізді пәндерді оқып-үйренудің негізі болып табылады.

Пәннің тақырыптық жоспары

1. Тіл біліміне кіріспе
2. Фонетика
3. Лексикология және фразеология
4. Сөздің морфемалық құрамы және морфемалар
5. Грамматика
6. Морфология
7. Синтаксис
8. Емле және тыныс белгілері
9. Сөйлеу мәдениеті

Пәннің мазмұны

Кіріспе

Пәннің **нысаны** – бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша ҚР мемлекеттік стандарты талаптарына сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жоғары педагогикалық кәсіптік білімінің құрамдасы ретіндегі қазақ тілі негіздерінің мазмұны.

Пәні – қазіргі қазақ тілі негіздері бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру барысы.

«Қазіргі қазақ тілі негіздері» пәні студенттерге тілдің қоғамдық мәні, құрылымдық ерекшеліктері, тіл көркемдігі жөнінде жүйелі білім беру, тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық нормаларын, тіл мәдениетін игерту **мақсатын** көздейді.

Осы мақсатқа орай мынадай **міндеттер** қойылады:

- тілдің қоғамдық мәні және оның ойлаумен байланысы туралы түсінік беру;
- тілдің құрылымдық және жүйелік қасиеттерімен таныстыру;
- тіл дыбыстары және олардың түрлерін таныту;
- үндестік заңдылықтарын білдіру;
- буын түрлерімен таныстыру;
- сөз мағыналарының түрлерін айыра білуге үйрету;
- сөз құрамын және морфема түрлерін меңгерту;
- сөз таптарының ерекшеліктерін және әр сөз табының грамматикалық түрлену жүйесін меңгерту;
- сөздерді тіркестіру формалары мен тәсілдерін меңгерту;
- сөйлем мүшелерін және олардың синтаксистік қызметін таныту;
- сөйлемнің айтылу мақсатына және құрылысына қарай бөлінетін түрлерімен таныстырып, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін меңгерту;
- функционалдық сауаттылығын дамыту.

Пәнді оқытуда сөздік әдістер (түсіндіру, дәріс, әдебиеттермен жұмыс істеу), интербелсенді әдістер (пресс конференция, дәріс-консультация, кейс-стади, пікірталас т.б.), практикалық әдістер және көрнекілік әдістер пайдаланылады.

Пәннің басқа ғылым салалары арасында өзіндік ерекше орны бар. Өйткені тіл – таным құралы, қоғамдағы адамдардың өзара пікір алысу, бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы. Тілдің осы таным және қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметінің өзі оның өзге ғылым салалары арасындағы алатын орнын көрсетеді.

Қазақ тілінің фонетикасы және грамматикалық құрылымын жүйелі түрде танытқан ең алғашқы ғылыми еңбек А.Байтұрсыновтың «Тіл – құрал» атты оқулығы болды. Бұл оқулық үш бөлімнен тұрады. Оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі – 1915 жылы, қазақ тілі морфологиясына арналған 2-бөлімі – 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-бөлімі – 1916 жылы басылып шыққан. Қазіргі қолданылып жүрген тіл терминдерінің бәрінің негізі осы оқулықтарда қаланған.

Тілдің дыбыстық және грамматикалық құрылымын зерттеуде Х.Досмұхамедов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, К.Аханов, А.Ысқақов, Ә.Қайдаров, Р. Сыздық, С.Исаев, Р.Әміров, Ғ.Қалиев, Ш.Сарыбаев, Б.Қалиев, Н.Оралбай, Ф.Оразбаева, Б.Қасым, Ж.Манкеева тәрізді танымал ғалымдар ерекше үлес қосты. Бүгінгі күні қазіргі қазақ тілінің әр бөлімі (фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис) жеке ғылым саласы ретінде коммуникативті, когнитивті және лингвомәденитанымдық ерекшеліктері жағынан даму үстінде.

Негізгі бөлім

Тіл біліміне кіріспе. Тіл білімі және оның салалары. Тілдің қоғамдық мәні мен қызметі. Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы. Тіл және ойлау. Тіл және сөйлеу. Тілдің таңбалық сипаты, құрылымы, оның жүйесі.

Фонетика. Қазақ тілі фонетикасының зерттелу жайы. Дыбыс туралы ұғым. Фонема. Дауысты дыбыстар. Дауыссыз дыбыстар. Бастауыш сынып «Қазақ тілі» оқулығындағы тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты тақырыптар. Буын, оның түрлері. Үндестік заңы. Сингармонизм. Ассимиляция және оның түрлері. Фонетикалық құбылыстар. Бастауыш сынып «Қазақ тілі» оқулығындағы буын және дыбыс үндестігі кездесетін тақырыптар. Орфоэпия, орфография, графика. Транскрипция.

Лексикология және фразеология. Сөз және оған тән белгілер. Сөз мағынасы және оның түрлері. Сөздің ауыспалы, келтірінді мағынада қолданылу тәсілдері. Омонимдер. Синонимдер. Антонимдер. Фразеологизмдер. Мақал-мәтелдер және олардың мәні. Бастауыш сыныптарда оқытылатын лексикалық ұғымдар. Қазақ тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамы туралы түсінік. Сөздік құрамның толығы жолдары. Сөздердің стильдік мәніне және қолданылу аясына қарай бөлінуі. Қазақ тілі лексикографиясы. Лингвистикалық сөздіктер.

Сөздің морфемалық құрамы. Сөздің құрамы және морфемалар. Сөз құрамына қатысты ұғымдардың бастауыш сынып бағдарламасы мен «Қазақ

тілі» оқулықтарында берілу жайы. Сөзжасам және оның негізгі тәсілдері. Жалаң сөз. Күрделі сөздер.

Грамматика. Грамматикалық ұғымдар. Грамматикалық форма және грамматикалық категория туралы ұғым. Грамматиканың теориялық және практикалық мәні. Оның бастауыш сынып бағдарламасында алатын орны, маңызы. Грамматикалық категориялар және олардың сөз таптарымен ара қатынасы.

Морфология. Морфология туралы түсінік. Сөз таптары. Зат есім. Көмекші есім. Сын есім. Сан есім. Есімдік. Етістік. Етістіктің лексикалық-грамматикалық категориялары. Үстеу. Шылау сөздер. Еліктеу сөздер. Одағай сөздер. Бастауыш сыныпта оқытылатын сөз таптарының оқулықта берілу жайы.

Синтаксис. Синтаксис туралы жалпы түсінік. Сөйлем. Сөйлемнің грамматикалық белгілері. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлері. Сөз тіркесі. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері. Сөйлем мүшесі. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Айқындауыш мүше және оның түрлері. Оқшау сөздер және оның түрлері. Жай сөйлемнің құрылысына қарай бөлінетін түрлері. Құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлем. Сабақтас құрмалас сөйлем. Аралас құрмалас сөйлем. Синтаксистен бастауыш сыныпта берілетін материалдар. Бөгде сөз, оның түрлері.

Емле және тыныс белгілері. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері. Қазақ емлесінің кейбір мәселелері. Тыныс белгілерінің мәні және атқаратын қызметі. Тыныс белгілерінің түрлері және олардың қолданылуы.

Сөйлеу мәдениеті. Сөйлеу мәдениеті туралы түсінік. Тілдік норма, оның тіл мәдениетіне қатысы.

Практикалық сабақтардың үлгі тақырыптары:

1. Қазақ тілі дыбыстары
2. Тіл және ерін үндестігі
3. Прогрессивті және регрессивті ассимиляция
4. Сөз мағынасы және оның түрлері
5. Омоним, антоним және синоним
6. Фразеологизмдер
7. Морфема және оның түрлері
8. Жалаң сөз және оның түрлері
9. Атаушы есімдер тобындағы сөз таптары
10. Етістіктің лексикалық және морфологиялық сипаты
11. Үстеу және оның түрлері
12. Сөз тіркесі және оның байланысу тәсілдері
13. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері
14. Жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлері
15. Құрмалас сөйлем, оның түрлері

Студенттердің оқытушының жетекшілігімен орындайтын өзіндік жұмыстарының тақырыптары:

1. Дауыссыз дыбыстардың акустика-артикуляциялық ерекшеліктері
2. Буын жігі және тасымал
3. Буын және дыбыс үндестігі. Тоғыспалы ассимиляция
4. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері
5. Морфонология
6. Сөздердің қолданылу аясына қарай бөлінетін түрлері
7. Сөздің морфемалық құрамы
8. Күрделі сөз және оның түрлері
9. Шылау және еліктеу сөздер
10. Есімді және етістікті тіркестер, олардың байланысу түрлері
11. Анықтауыш және айқындауыш
12. Салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері
13. Сабактас құрмалас сөйлем және оның түрлері
14. Оқшау сөз және оның түрлері
15. Тыныс белгілері

Студенттердің өзіндік жұмыстарының тақырыптары:

1. Тілдің таңбалық сипаты және құрылымдық-жүйелілік ерекшеліктері
2. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер
3. Сөздің мағыналық түрлері
4. Қазақ емлесінің кейбір мәселелері (кейбір дыбыстардың жазылуы, сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы т.б.)
5. Сөз мағынасының ауыспалы мағынада қолданылу тәсілдері
6. Көп мағыналы сөздер және омонимдер
7. Синонимдердің мағыналық, стильдік реңктері
8. Диалект және кәсіби сөздер
9. Қазақ тілі лексикасының стильдік түрлері
10. Күрделі сөздің тұрақты тіркес пен еркін сөз тіркесінен өзгешеліктері
11. Грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері мен жолдары
12. Грамматикалық категорияның сипаты мен түрлері
14. Грамматикалық категорияның сөз таптарына қатысы
15. Сөздердің байланысу формалары

I аралық бақылаудың сұрақтары

1. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар және оларға тән белгілер.
2. Дауыстылар тілдің, еріннің, жақтың қатысына қарай жіктелуі.
3. Дауыссыз дыбыстардың дауыс қатысына, айтылу жолына және жасалу орнына қарай жіктелуі, олардың артикуляциялық ерекшеліктері.
4. Фонема.

5. Тіл үндестігі және оған бағынбайтын қосымшалар.
6. Ерін үндестігі және оның орфоэпияға қатысы.
7. Ілгерінді ықпал және оның кездесетін орындары.
8. Кейінді ықпал және оның кездесетін орындары.
9. Тоғыспалы ықпал және оның кездесетін орындары.
10. Сөз және оған тән белгілер.
11. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы.
12. Сөздің көп мағыналылығы.
13. Омоним және оның көп мағыналы сөздерден өзгешелігі.
14. Омофон және омографтар.
15. Антоним және оның стильдік қызметі.
16. Синонимдер және оның стильдік қызметі.
17. Фразеологизм және оның түрлері.
18. Диалект және кәсіби сөздер.
19. Терминдер.
20. Көнерген сөздер және оның түрлері.

II аралық бақылаудың сұрақтары

1. Сөзжасам және оның объектісі. Сөзжасам тәсілдері
2. Қосымша және оның түрлері.
3. Жалғау және оның түрлері.
4. Жалаң сөз және оның түрлері.
5. Күрделі сөз және оның түрлері.
6. Зат есім және оның грамматикалық категориялары.
7. Көмекші есім.
8. Сын есім және оның түрлері.
9. Сын есімнің шырай категориясы.
10. Сан есім және оның мағыналық түрлері.
11. Есімдік және оның мағыналық түрлері.
12. Етістік және оның категориялары.
13. Үстеу және оның мағынасына қарай бөлінетін түрлері.
14. Шылау және оның түрлері.
15. Еліктеуіш сөз және оның морфологиялық сипаты. Еліктеуіш сөздің түрлері.
16. Одағай және оның түрлері, тыныс белгісі.
17. Сөз тіркесі және оның құрамындағы сөздердің байланысу тәсілдері.
18. Сөздердің байланысу түрлері (қиысу, матасу, т.б.)
19. Сөйлем мүшесі және оның құрылысына қарай бөлінетін түрлері.
20. Тұрлаулы мүшелер.
21. Тұрлаусыз мүше және оның түрлері.
22. Сөйлем және оған тән белгілер.
23. Сөйлем айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлері.

24. Жай сөйлем және оның құрылысына қарай бөлінетін түрлері.
25. Құрмалас сөйлем.
26. Салалас құрмалас сөйлем және оның мағынасына қарай бөлінетін түрлері.
27. Сабақтас құрмалас және оның мағынасына қарай бөлінетін түрлері.
28. Аралас құрмалас сөйлем.
29. Тыныс белгісі және оның түрлері, атқаратын қызметтері.
30. Орфография ережелері.

Ұсынылатын әдебиет тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Алматы, «Дәуір-Кітап», 2013
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, «Өлке», 2010
3. Әміров Р.С., Әмірова Ж.Р. Қазіргі қазақ тілі құрмалас сөйлемдер жүйесі. Алматы, «Қазақ университеті», 2014
4. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 2005
5. Исаев С. Қазақ тілі, Алматы, «Өнер», 2013
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Павлодар, 2010
7. Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері. Алматы, 1996
8. Уайсова Г.И., Омарова Г.Ж. Қазіргі қазақ тілі негіздері. Алматы, 2013

Қосымша әдебиет:

1. Оразбаева Ф., Сағидолла Т., Қасым Б. т.б. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 2005
2. Қазақ грамматикасы, Астана, 2004
3. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы. Алматы, 2008
4. Оразахынова Н., Исаева Ж., Г.Сүлеева Қазақ тілі (сөзжасам, морфология), Алматы, 2004
5. Исаев С.Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы, 1998
6. Грамматикадағы дүниенің тілдік бейнесі. Алматы, 2014

Авторы:

Уайсова Г.И. – п. ғ. к., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

